



САЙЛАУ ӨТТІ,
ҮКІМЕТКЕ КІМДЕР
КЕЛЕДІ?

2-бет



ТӘУЕЛСІЗДІК
БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

4-бет



КАК ВЫУЧИТЬ
КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК
САМОСТОЯТЕЛЬНО
ДОМА С НУЛЯ

12-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№2 (924) 11.01.2021 жыл



ГУМИЛЕВТЕР – ЖОШЫ ХАННЫҢ ЖИЕНДЕРІ

Ұлы ақын екі революцияны, екі дүниежүзілік соғысты Ленинградтың блокадасын бастан кешіреді. Анна алғашқы өлеңдерін 11 жасында жазады. Әкесі Андрей қызының өлеңіне көңілі толмай «декадент ақын» «менің тегімді былғап қайтесің?» деген. Алайда тума талантқа ештеңе де бөгет бола алмады. Қайсар қыз «Ахматова» деп яғни нағашы әжесінің тегін алады. А.Ахматова туысқан татар халқының ханшайымы Шыңғыстан тараған Жошы ханның ұрпағы-тын.

8-9
бет

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛУ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘРБІР АЗАМАТЫНЫҢ МІНДЕТІ!



...Иә, мемлекеттік тілді міндеттеу – мемлекеттің міндеті. Отыз жыл парызын орындамағандар, тіпті әлемде жоқ парадокс – мемлекеттік тілді білмей-ақ мемлекеттік қызметте отырғандар да жеткілікті, енді міндетті орындауына тура келетін кез келді. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бағдарлы бас мақаласынан осыны ұқтық, көңілге түйдік. Ендігі кезекте тиісті заңдар қабылдау күтіп тұрғаны – күннің шықпай қоймайтындай анық қағида! Мемлекет басшысының мемлекеттік тілді білуге міндеттеуге арналған Үндеуі – Тәуелсіздіктің төртінші онжылдығының жарқын бастауы деп білеміз! Өйткені, мақалада баса назар аударып, атап айтылғандай: «Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл».

7
бет


БЕЙНЕТ пен ЗЕЙНЕТ

...Бір қарағанда зейнетақыға қатысты біздің заңымызда кемшілік жоқ сияқты. Олай болса біздегі зейнетақы неге қатардағы тұрғындарымыздың қарапайым ғана күнделікті тұрмыстық сұраныстарын өтеуге жетпейді? Олар да өмір бойы ауыр жұмысқа жегіліп сіңірлерін созды емес пе? Олар да бейнеттің зейнетін көруге құқылы ғой. Әлде олар қоғамға пайдасы шамалы кеңседе отырып, керек те керексіз қағаздарды толтырып күнін өткізетін шенеуніктерге қарағанда аз еңбек етіп пе? Елдің негізгі байлығын жасайтын жұмысшылар екені баяғыдан белгілі. Кеншілер кен қазып шығарады, құрылысшылар баспана тұрғызады, малшылар мен диқандар ет пен астық өндіріп халықты асырайды. Солай бола тұра олар неге шенеуніктерден кем жалақы, мардымсыз зейнетақы алуы керек?

3
бет

О ПРОВОКАЦИОННОЙ СУЩНОСТИ НИКОНОВЫХ, ЖИРИНОВСКИХ И ДРУГИХ

10 декабря в эфире 1-го канала председатель комитета Госдумы по образованию и науке В.Никонов в эфире программы «Большая игра» заявил: «Казахстана просто не существовало, Северный Казахстан вообще не был заселен. Они существовали, но гораздо южнее. И, собственно, территория Казахстана – это большой подарок со стороны России и Советского Союза».



ДИМАШ ҚҰДАЙБЕРГЕН

АҚШ президентінің
инаугурациясын мерекелеу
апталығына қатысады

16
бет

САЙЛАУ ӨТТІ, ҮКІМЕТКЕ КІМДЕР КЕЛЕДІ?

Сонымен бес жылда бір келетін Парламенттегі Мәжіліс және жергілікті мәслихат депутаттарын сайлау науқаны да өте шықты. Қазақстан халқы өздері қалаған партияларға дауыс беріп, биылғы оныншы қаңтар ел өміріндегі тарихи дата ретінде ұлттымыздың жылнамасына жазылды.

«Тойдың болғанынан боладысы қызық» демекші, жұрт сарыла күткен, өткен жылдарға қарағанда әділ өтеді деп үміттенген халық таңдауының да есеп-қисабы шығарылып үлгерді. ҚРОрталық сайлау комиссиясының хатшысы Сәбила Мұстафинаның дерегінше, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы 5,29, «NurOtan» партиясы 71,09%, «ADAL» саяси партиясы 3,57, Қазақстанның «Ақжол» демократиялық партиясы 10,95 және «Қазақстанның Халық партиясы» 9,10 пайыз дауыс жинады.

Естеріңізге сала кетсек, Конституциялық мерзімге сай өткен Мәжіліс сайлауына қатысқан 5 партиядан барлығы 312 кандидат, оның ішінде: «Ауыл» — 19; «NurOtan» — 126; «ADAL» — 16; «Ақжол» — 38 және «Қазақстанның Халық партиясынан» — 113 адам бар. Ал жергілікті мәслихаттарға 832, оның ішінде «Ауыл» — 158, «NurOtan» — 216, «ADAL» — 215, «Ақжол» — 174, «Қазақстан Халық партиясы» 69 үміткерін тіркеген.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы Оқушылар сарайында орналасқан №58 сайлау учаскесінде дауыс бергеннен кейін БАҚ өкілдеріне сұхбатында: «Әр сайлау — азаматтық батылдыққа маңызды емтихан. Біздің Парламентте әр түрлі партия болады деп қатты үміттенемін. Еліміздің болашағы, тағдыры туралы Парламентте пікірталастар болуы керек, бұл бірінші. Екіншіден, парламент өте сапалы заңдар қабылдауы керек», — деді ол.

Мемлекет басшысының айтуынша, сайлау өткеннен кейін біздегі Заңға сәйкес Үкімет отставкаға кетуі тиіс. «Үкіметке қатысты айтар болсам, біздің заңнамамызға сәйкес, ол отставкаға кетуі тиіс. Сайлау аяқталғаннан кейін, таяу уақытта Премьер-Министрдің, сонымен қатар Үкімет мүшелерінің кандидату-

ралары бойынша депутаттардың жана құрамымен, фракция басшыларымен кенесу үшін Парламентке барамын. Сіздер жедел ақпарат аласыздар деп ойлаймын», — деді Қ. Тоқаев.

Саяси реформалар әлі де жалғасады деген Қ.Тоқаев 15 қаңтар күні Парламентте үндеу жасайтынын айтты. «Реформалар дайындалып жатыр. Реформалар тоқтап қалмауы тиіс. 15 қаңтарда Парламентте сөз сөйлеп, оның ішінде Мәжілістің жана құрамына да үндеу жасаймын. Одан кейін Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысы өтіп, онда реформалар мәселесіне қатысты өте байыпты әңгіме болады», — деді Мемлекет басшысы.

Қалай болғанда да сайлау өтті. Енді «Үкіметтің жана құрамына кімдер кіреді?» деген сұрақ тұр көпшіліктің көкейінде.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ҰСЫНЫСЫ ЕСКЕРІЛЕДІ

Қоғамдық кеңестердің ұсынысын мемлекеттік органдар міндетті түрде қарауы керек. ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Болат Тілепов осылай мәлімдеді.

«Бұл жерде шынайы әрі нақты тетіктер туралы сөз қозғалып отыр. Кеңес беруші орган ретінде қоғамдық кеңестер ұсыныс әзірлеуі керек. Ол ұсыныстар жаңа түзетулерге сәйкес, қандай да бір мемлекеттік органдарда міндетті түрде қаралуы керек», — деді Болат Тілепов тілшілердің сұрағына жауап

бере отырып. Оның айтуынша, ұсыныстар қабылданбауы да мүмкін. Бірақ одан не үшін бас тартатынын нақты түсіндіріп, мемлекеттік органдар негіздеме беруі тиіс.

Естеріңізге сала кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қоғамдық кеңестер туралы» заңға елде 2015 жылдан бері белсенді жұмыс істеп келе жатқан аталған қоғамдық институттардың қызметін жаңа деңгейге шығаратын бірқатар түзетулерге қол қойған болатын. «Қоғамдық кеңестер туралы» заң оның құқықтары мен міндеттерін аз да болса кеңейтті.

АССАМБЛЕЯ ДЕПУТАТТАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Елордада Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан ұсынылған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау бойынша ҚХА-ның XXVIII сессиясы өтті.

Дауыс беруге қатысқан ҚХА мүшелерінің жалпы саны 351 адам болды. Мәжіліс депутаты кандидатына берілген бюллетендер: Сауытбек Абраханов — 298, Аветик Амириханян — 270, Ильяс Буларов — 274, Наталья Дементьева — 292, Юрий Ли — 282, Вакиль Набиев — 285, Шамиль Осин — 271, Владимир Тохтасунов —

277, Абилфас Хамедов — 290. Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланатын ҚР Парламенті Мәжіліс депутатыларын Орталық сайлау комиссиясы шығарады. Сессияның айрықша құқығы — Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің тоғыз депутатын сайлау. Осы орайда «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңының 93-1-бабына сәйкес сессияда Ассамблеядан сайланатын ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына ҚХА Кеңесі ұсынған үміткерлерге дауыс берілді.

ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ҚАРҚЫНЫН ЖОҒАЛТҚАН ЖОҚ

Өткен жылы баға азық-түлік тауарларына 11,3, азық-түлік емес тауарларына 5,5, ақылы қызметтерге 4,2 пайызға жоғарылады. Мұндай деректі ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы ұсынды.

Ведомство мәліметінше, өткен жылда бағаның өсуі құмшекерге — 33,9, күнбағыс майына — 33,7, жармаларға — 28,7, жұмыртқаға — 20, картопқа — 16,8, ұнға — 16,3, жаңа жиналған көкөністерге, қой етіне — 15,4, жана жиналған жемістерге — 14,9, макарон өнімдеріне — 14,7, сары майға — 13,6, жылқы етіне — 11,9, мейекті ірімшікке — 11,4, шайға — 11,2, мұздатылған балыққа — 10,1, сиыр етіне — 10, сүтке — 9,7, шошқа етіне — 8, нанға 5,9 пайыз деңгейінде белгіленді. Темекі өнімдері — 14,9, минералды және ас суы — 10,4, алкогольді сусындар 7,8 пайызға қымбаттады. Бағаның төмендеуі тауықтың сирағына — 5,7, сөкке — 2,6, күрішке 1,7 пайыз тіркелді.

Баға өсімі алтыннан жасалған зергерлік бұйымдарға — 13, жұғыш және тасалағыш құралдарға — 10,2, дәрі-дәрмекке — 9,9, жеке қолданылатын тауарларға — 9,4, тұрмыстық аспаптарға — 8, автомобильдерге — 7,3, ноутбуктерге — 6,7, жиһаз және үйге қажетті заттарға — 6,6, ыдыс-аяққа — 6,1, киім және аяқ киімге 4,8 пайызды құрады. Тас көмір — 3,5, бензин 2,5 пайыз қымбаттап, дизель отыны 6,6 пайызға арзандады. Байқап отырғандарыңыздай, өткен жыл пандемиямен ғана емес қымбатшылық құрсауымен де есте қалды.



БЖЗҚ ҚАРЖЫСЫ ПАЙДАЛАНЫЛМАСА, КЕРІ ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Зейнетақы қорынан алынған қаражат 45 күннің ішінде мақсатты түрде жұмсалмаса ол толық көлемде азаматтың БЖЗҚ-дағы қорына кері қайтарылады. Бұл туралы «Отбасы банкі» басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова Facebook-де өткен тікелей эфир барысында айтты.

Оның айтуынша, зейнетақы жинақтарын пайдалану үшін жаңартылған «жеткіліктілік шегі» жарияланды. Зейнетақы жинағын баспанаға жұмсауға арналған онлайн-платформа іске қосылады. Зейнетақы жинағынан алуға болатын сома БЖЗҚ сайтында автоматты түрде көрсетіледі. Зейнетақы қорынан алынған қаражатты ешкім бұғаттай алмайды.

«Арнаулы есепшотты тек қана онлайн ашуға болады. Ең дұрысы оны сіз біздің порталда өтінім беретін кездеу тетігіне қатыспайтын болсаңыз, онда арнаулы есепшот ашудың қажеті жоқ. Сондықтан асықпаңыздар. Бір реттік зейнетақы төлемге арналған арнаулы ағымдық есепшот барлық жағынан қорғалған. Тіпті, бір жерден қарыз ақша алуыңызға байланысты қандайда бір кредитор, үшінші тұлға сот шешімімен сіздің екінші деңгейдегі банктегі кез келген есепшотыңызды бұғаттаса да бұл есепшотты еш бұғаттай алмайды. Ал егер осы уақытта сіз басқа жаққа кетіп қалып, қаражатыңызды пайдалана алмасаңыз, онда 45 күннен кейін оны біз қаражатты сіздің Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорыңыздағы есепшотыңызға қайтарамыз», — деді Ләззат Ибрагимова.

ПАСПОРТТАРДЫҢ ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГІ ЖАРИЯЛАНДЫ

Henley & Partners консалтингтік компаниясы жылдағы дәстүр бойынша саяхат үшін ыңғайлы әрі ең тартымды паспорттар рейтингін жариялады. Қазақстан паспорты әлемдік рейтингіде 70-орында тұр.

Henley Passport Index рейтингі Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) эксклюзивті мәліметтеріне негізделген. 199 елдің төлқұжаты мен 227 туристік бағаты қамтыды. Еске сала кетсек елде визалық саясаттың өзгертілуіне байланысты рейтинг

жыл бойы жаңартылып отырады. Төлқұжаттар рейтингінің алғашқы бестігінде Жапония, Сингапур, Германия, Оңтүстік Корея мен Финляндия тұр. Мәселен, Жапонияның паспортымен әлемнің 191 еліне саяхаттауға болады. Ал Қазақстан биылғы рейтингіде 70-ші орыннан көрінді. 70-ші орында сонымен қатар Беларусь пен Қытай тұр. Қазақстан мен аталған осы екі елдің азаматтары әлемнің 75 еліне ұшып бара алады екен. Еске сала кетсек бұл туралы рейтингте Қазақстан паспорты 67-ші орыннан көрінген еді.

ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫН БҰЗҒАҢДАР АЙЫППҰЛ АРҚАЛАДЫ

Жұмысшыларға жалақы төлемей келген 1 мыңнан астам кәсіпорынға айыппұл салыны. Сөйтіп 2020 жылдың мемлекеттік өңір инспекторлары 31 мыңнан астам жұмыскердің құқығын қорғады.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мемлекеттік еңбек инспекторлары республиканың 1184 кәсіпорнында 31 мың жұмыскер алдында 4,2 млрд. теңгеден астам жалақы берешегі бар екенін анықтады. Аталған кәсіпорын

басшыларына орындалуға міндетті 790 нұсқама беріліп, 106,4 млн. теңгеден астам айыппұл салынды. Қолданылған шаралардың нәтижесінде, оның ішінде жалақы бойынша берешекті өтеудің мерзімі мен кестесін қатаң белгілеу арқылы 31 мыңнан астам жұмыскердің құқығы қорғалып, оларға 4,2 млрд. теңге төленді. Жалпы, өткен жылы мемлекеттік еңбек инспекторлары 3,9 мың тексеру жүргізді. ҚР еңбек заңнамасын бұзудың 6,1 мыңнан астам фактісі анықталып, 174,3 млн. теңге сомаға айыппұл салынды.

Қарама-қайшылыққа толы, әділетсіздік пен арам пиғылдан арыла алмаған біздің қоғамдағы көптің көкейінде жүрген, жылдар бойы тұрғындар тарапынан көтеріліп келе жатқан бұл мәселе өзектілігін ешқашан жоймайтын шығар. Телеарна-ларда айтылып, басылымдарда жиі жазылса да толық шешімін тапқан жоқ, жақын жылдарда түйені тарқатыла қояды дегенге де сенім аз. Оны өздеріңіз де білесіздер, сол баяғы айта-айта жауыр болған еңбек жалақысы мен зейнетақы мәселесі...

айырықша айлық, зейнетақы алатындай не бітірілген?» деген ойларын ашық айтып жатыр.

«Онда тұрған не бар? Іштарлықты қойып, қайта қуана қол соқпайсыңдар ма?» дейтін болар кейбіреулер. Дұрыс, біз де қуаныштымыз. Тіпті 170 емес, 500 мың теңге зейнетақы тағайындасын, оған қарсылығымыз жоқ. Бірақ, жалпы алғанда біздегі жалақы мен зейнетақы тағайындаудағы заңдарымыздың әділдікке негізделмегені жұртшылықты мазаалайтыны анық. Бұл жерде біз қатардағы қарапайым халықты айтып отырмыз. «Қолыңнан келсе

жыл немесе одан да көп азаматтарға ең төменгі күнкөріс деңгейінің жоғары мөлшері – 100% немесе 28 284 теңге төленеді. Елдегі қолайлы қаржылық жағдайға немесе инфляцияға байланысты өзгерістер енгізіліп отырады. Айталық, үстіміздегі жаңа жылдан бастап мемлекеттік базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері өсті. Егер былтыр ол 17 641 теңге болса, 2021 жылы 18 524 теңгеге жетті. Сондай-ақ, ең төменгі зейнетақы да 40 441 теңгеден 43 272 теңгеге дейін өсті деген сөз. Бұл нормалар Президент қол қойған 2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет

түгіл, тамағыңа жетпейді. Әлсін-әлсін қымбаттайтын коммуналдық төлемдерді айтпаған күннің өзінде. Осыны жоспарлайтын біздегі экономистер үшке үшті қоса алмайтын «екілік» бағадан көз ашпайтын оқушыдан да сауатсыз ба деп қаласыз. Заң жобасын ұсынатын, бюджет қаржысын жоспарлайтын біздің үкімет құрамындағы салалық министрліктердегі отырған есі дұрыс маман болса алдымен төмен түсіп, нарық пен халықтың жағдайын зерттеп саралайтын еді. Сосын барып елді күлдірмейтін, дәлірек айтсақ халықты қорламайтын

Біз бір ғана Сыртқы істер министрлігін айтып отырған жоқпыз. Өзге де салалық министрліктердегі жалақы да осы деңгейлес, кейбірінде одан да жоғары. Сонда жаңағы министрлер мен орынбасарлары осыншалық жалақы алатындай дүниені төңкеріп тастап па? Министрлеріміз мықты болса елдің экономикасы баяғыда дамып кетер еді ғой. Оған біздің елдің қазба және өзге де табиғи байлықтары жетерлік. Тек қана жолын тауып үйлестіре білу керек. Соған да олардың біліктілігі мен шамасы жетпей жатыр. Дәлірек айтсақ оған деген таза ниеті мен ынтыас жоқ.

Мүмкіндік дегеннен шығады, жері тар, суы аз, табиғи байлықтары шамалы елдердің де айлық табыстары біздерден жоғары. Соған орай халықтың тұрмысы да жақсы. Неге? Өйткені олар мемлекет қаржысын ұрламайды, экономиканы әртараптандырып, халықтың жемісті еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасаған. Мысалы, жоғары жалақыларын айтпаған күннің өзінде Австралияда айына берілетін зейнетақы – 1000, Испанияда – 1099, Италияда – 1320, тіпті кеше ғана кеңестік мемлекетте өмір сүрген Литвада – 408, Эстонияда – 656 АҚШ доллары деңгейінде. Бұл рәсімдерде Қазакстандағы орташа зейнетақы мөлшері – 212 АҚШ долларына тең деп айтылған. Осы көрсеткіштің қаншалықты шындыққа сай келетінін айта алмаймыз. Егер министрлер мен депутаттардың және де түрлі деңгейдегі әкімдердің зейнетақыларын есептегенде бәлкім дұрыс та шығар. Біздің ел мемлекеттік қызметкерлер мен лауазымдылар саны жағынан әлемде алдыңғы қатарда тұрғаны белгілі. Ал қарапайым адамдардың алатын зейнетақысы бұл көрсеткіштің маңына да жолдай алмайтыны айтпаса да түсінікті.

Экономиканы дамыту үшін өндірісті өркендету керектігін аз да болса сауаты бар адамның бәрі біледі. Біздегі өндіріс өлімші жағдайда. Оны әртараптандыру мен кәсіпорындар арасында әділ бәсеке де жоқ. Өйткені елдегі бар өндіріс атаулы монополистердің қолында. Олар өздері жеке-дара басқарады бәрін. Бағаны да қалауынша қояды. Сондықтан бізде барлық тауарлар бағасы тым қымбат. Өнімнің өзіндік құны болатынын ешкім назарына алмайды. Өзіндік құн өнімге жұмсалған материал, уақыт пен күштен тұрады. Содан кейін ғана белгілі бір мөлшерде қосымша құн қосылуы керек. Бізде сол мөлшер атымен жоқ, қалағандарынша қосады. Оларға көбірек ақша табу керек. Осы тойымсыздық халықтың тұрмысына кері әсерін тигізуде. Оны бақылауға тиісті билікке оның қажеті жоқ. Айталық мұнай бағасы қанша рет құлдырады, ал жанармайдың арзандағанын көрдіңіздер ме? Сол сияқты электр қуаты да үнемі көтеріліп келеді. Көмірдің мол қоры бар елде электр қуаты өте арзан болуға тиісті. Бізде бәрі керісінше.

Алдында бұл өмірде бәрі бір-бірімен байланысты деп айтқандай, қай саланы, қандай мәселені алып қарасақ та ақырында осы бір тойымсыздық пен жемқорлық дегенге тіреледі. Соны жоймай, табиғи байлығымыз асып-тасып жатса да біз ешқашан дамыған ел бола алмаймыз. Ал ол үшін басшылар тарапынан халқына, ұлтына жаны ашитын шынайы ниет керек. Бізге жетіспей жатқаны дәп осы...

2-3-бетті дайындаған
Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ

БЕЙНЕТ пен ЗЕЙНЕТ



Жоқ, қайда болса сонда шашатын, онсыз да тұрғындарды тонап жатқан жекеменшік банктерді қолдауға жұмсалатын, бір бөлігі сонау алыстағы Әзірбайжан елінің онсыз да қарызға батқан халықаралық банкінен бір-ақ шыққан, осы күнге дейін толықтай қайтара алмай жатқан зейнетақы қорындағы қыруар қаржы туралы емес айтайын дегеніміз. Ол өз алдына бүгінгі тірлігіміздің бітпейтін «эпопеясы». Әңгіме көпшіліктің күнкөрісіне аса қажет, олай тартса да, былай тартса да күнкөрісіне жетпей жататын жалақы мен зейнетақының тікелей өзі жайында. Бұрындар да жазып жүрген осы тақырыпқа қайта оралуға бұқаралық ақпарат құралдарында жақында жарияланған мына бір хабар түрткі болды. Түсінікті болу үшін соны толықтай келтірейік: «Қазакстанда дипломатиялық қызметте болғандарға арнайы зейнетақы тағайындалады. Әлеуметтік төлем мемлекет қазынасынан төленеді. Зейнетақы мөлшері қазіргі Сыртқы істер вице-министрі жалақысының 20 пайызы, яғни 170 мың теңге. Зейнетақыға қосылатын үстемені алу үшін қазақстандық елшілердің жалпы еңбек өтілі 25 жыл болуы тиіс. Оның ішінде 15 жылын дипломатиялық органдарға арнау керек. Сонда ғана Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің ардагері атанып, 170 мың теңге алады. Мұндай жаңашылдықты жүзеге асыруға мемлекет қаржысы жұмсалады. Қажетті шығындарды республикалық бюджет комиссиясы биыл 11-тамызда бекітіп берген. Дипломатиялық қызмет төңірегіндегі өзгерістер мұнымен шектелмейді. Елшілікте жұмыс істегісі келетіндер ағылшын тілін білуге міндетті. Сондай-ақ енді бұл салалық органға ғылыми мекемелер кіргізіледі. Мұхтар Тілеуберді, ҚР Сыртқы істер министрі: – Әлемдік саясат пен экономика саласында іргелі және ғылыми зерттеу жүргізу мақсатында дипломатиялық қызмет органдары жүйесіне ғылыми мекемелерді кіргізу ұсынылады. Бұл Сыртқы істер министрлігіне қарайтын сыртқы саяси зерттеулер институтының мәртебесін арттырып, оның қызметінің негізгі бағыттарын бекітуге мүмкіндік береді» делінген сүйінші хабарда. Осы қысқа ғана сабақты оқыған қарапайым адамдар бірден «Бұлар

қонышыннан бас» демекші, билік басындағылар баяғыда өздеріне жоғары жалақы тағайындап, жайлы орынды жайғап алған. Заң атаулы бір адам немесе ат төбеліндей санаулы топ үшін жазылмайды. Заң жалпы бұқараны қолдап, халықтың мүддесін қорғауға тиісті. Бір қарағанда зейнетақыға қатысты біздің заңымызда кемшілік жоқ сияқты. Олай болса біздегі зейнетақы неге қатардағы тұрғындарымыздың қарапайым ғана күнделікті тұрмыстық сұраныстарын өтеуге жетпейді? Олар да өмір бойы ауыр жұмысқа жегіліп сінірлерін созды емес пе? Олар да бейнеттің зейнетін көруге құқылы ғой. Әлде олар қоғамға пайдасы шамалы кенседе отырып, керек те керексіз қағаздарды толтырып күнін өткізетін шенеуніктерге қарағанда аз еңбек етіп пе? Елдің негізгі байлығын жасайтын жұмысшылар екені баяғыдан белгілі. Кеншілер кен қазып шығарады, құрылысшылар баспана тұрғызады, малшылар мен диқандар ет пен астық өндіріп халықты асырайды. Солай бола тұра олар неге шенеуніктерден кем жалақы, мардымсыз зейнетақы алуы керек?

Біздегі зейнетақы төлемі үш деңгейден құралады: 1) Базалық зейнетақы. 2) Ынтымақты немесе еңбек зейнетақысы – 1998 жылдың 1 қаңтарына дейінгі еңбек өтіліне байланысты. 3) Жинақтаушы зейнетақы – 1998 жылдың 1-қаңтарынан кейін қорға аударылып отырған жарна есебінен құралады. Бастапқыда Қазақстанда базалық зейнетақы барлық зейнеткерге бірдей мөлшерде төленетін, яғни, 15 274 теңге шамасында. 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап базалық зейнетақыны тағайындау әдістемесі өзгерді. Енді оның мөлшері азаматтардың еңбек өтілі мен зейнетақы жүйесіне қатысу ұзақтығына тәуелді болады. Егер зейнеткердің еңбек өтілі 10 жыл немесе одан кем, не мүлде болмаса оған ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54%, 15 мың 274 теңге төленеді. Яғни 10 жылға дейін – бұл кепілдендірілген көлем. Қазақстанда базалық зейнетақыны бұл сомдан төмен ешкім алмайды. Ал егер еңбек өтілі 10 жылдан асса, онда тағы 2% үстеме қосылады. Мәселен, 11 жыл еңбек өтілі барлар төменгі күнкөріс деңгейінің 56% алатын болады. Ал еңбек өтілі 33

туралы заңда жазылған. Базалық әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейі 34 302 теңге шамасында белгіленді. Ал ең төменгі жалақы өзгерген жоқ – 42 500 теңге.

Байқап отырғандарыңыздай, қартайғанда өмір сүруге лайықты зейнетақы алу үшін көп жылғы еңбек өтілі, яғни, тұрақты жұмысын болуы керек. Оған қоса жоғары жалақын болса тіпті жақсы. Мәселе осы тұста басталады. Бұл дүниеде жеке-дара ештеңе жоқ, бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Жоғары жалақыны тұрақты жұмысың болмаса зейнетақы да мардымсыз болады. Ал жоғары жалақылы жұмыс табу өте қиын. Жай ғана тұрақты жұмыстың өзі таптыра бермейді.

Қазақстанда қанша жұмыссыздар бар екенін дәп басып айту мүмкін емес. Рәсімдер бойынша 2020 жылғы ІІІ тоқсанда жұмыссыздар саны (Халықаралық еңбек ұйымының әдіснамасы бойынша), 454,8 мың адам деп көрсетілген. Ал, шын мәнінде одан бірнеше есе көп екені белгілі. Жұмыссыздар саны екі миллионға жеткенін тәуелсіз сарапшылар айтқан болатын. Оның үстіне Қазақстанның еңбек нарығына COVID-19 пандемиясы да қатты әсер етті.

Еңбек заңы бойынша жалақының ең төмен мөлшері бекітіледі. Мемлекеттік немесе жеке кәсіпорында айлық жалақының төмен мөлшері күн көріс азығын төмен болмауы тиіс және оған үстеме төлем, қосымша ақы және әлеуметтік төлемдер, сыйақылар мен басқа да ынтыландырушы төлемдер кірмейді, атқарылған уақытқа пропорционалы түрде төленеді. Кепілдендірілген ең төменгі 42 500 теңгелік жалақыға қымбатшылық жайлаған біздің елде өмір сүруге бола ма? Әрине жоқ. Азық-түліктің бағасы аспандап тұр. Айына 60 мың алсаң да киім-кешек

шешімге келер еді. Өкінішке орай, біздің үкіметтегілерді өз халқының қалай өмір сүріп жатқаны мүлдем қызықтырмайды. Өйткені, өздерінің жағдайлары жақсы, жалақылары жоғары, өзге де көптеген жеңілдіктерді жасап алған. Теренірек бойламай-ақ біз мысалға келтірген хабардағы вице-министрдің айлығының 20 пайызы 170 мың екен. Оны беске көбейтіңіз, 850 мың теңге болады. (Мұндай айлықты бастарын қатерге тігіп жер астында жұмыс істейтін кеншілер де алмайды). Бұл қосымша сыйақыларды есепке алмағанда. Бұдан басқа біздің лауазымдылардың туыскандары ментаныстарының атына жазылған, өздері үстінен қадағалап, қолдап, қорғап отыратын бизнестері бар. Тендер атаулының майлы жілігі солардың компанияларының үлесіне кетіп жатады. Сөйте тұра «Мемлекеттік қызметкерлердің шетелге жасырған ақшасы неге көп?» деп таңғалатынымыз бар. Реті келгенде айта кетейік, «Ақ жол» партиясы депутаттары біздің байлар мен лауазымдылардың оффшордағы ақшаларын елге қайтару керектігін айтқалы бірнеше жыл болды. Нәтиже жоқ. Енді ғана, бірнеше жыл өткенде мемлекеттік қызметкерлерге шетелдік банктерге ақша салуға болмайды деген заңды қинала-қинала әзер қабылдадық. Былайша айтқанда, оларға сол ақшалардың ізін жасыруға мүмкіндік берді. Ал, қандай пайда болса ақшалардың қайдап келгендік болғанын шұғыл түрде қатаң тексеріп, ұрланған болса мемлекетке қайтаруға болатын еді. Өкінішке орай, ондай ниет біздің үкіметте атымен жоқ. Қатардағы қарапайым халық түгіл, депутаттардың сауалына салғырт қарап, дер кезінде назар аудармады. Осыдан кейін біздің елді жең ұшынан жалғасқан жемқорлық жайлап алмаған деп көріңіз.

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ
Қазақстан Республикасының Президенті

БАҒДАР мен БЕЛЕС

Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз.

Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда із қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырады анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен кадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізіп маңызын мезет.

Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп қарастыруға болады. Оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін аркалап тұр.

Мен азаттықтың алғашқы онжылдығын жаңа Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі деп атар едім. Осы уақытта Елбасының басшылығымен мемлекетіміздің нышандары белгіленіп, билік жүйесі қалыптасты. Ұлттық валютамыз айналымға енді. Қарулы Күштеріміз құрылды. Ата-анамыз дипломатиялық қатынас орнатты. Еліміз беделді халықаралық ұйымдарға мүше болды.

«Қазақстан – 2030» стратегиясын қабылдадық. Шығыстағы көршімізбен шекарамызды бекіттік. Басқа да іргелес мемлекеттермен шекара жөніндегі келіссөздер қарқынды жүргізіле бастады. Ел аумағын ядролық қарудан толық тазарттық. Елор-

дамыды Арқа төсіне көшірдік. Нарықтық экономикаға өтіп, жекеменшік институтын берік орнықтырдық. Отандық бизнестің негізін қаладық. Жастар әлемнің мандайалды оқу орындарында білім ала бастады. Түрлі дағдарыстардан аман өтуге мүмкіндік берген Ұлттық қорымыз құрылды. Дүние жүзіне тарыдай шашылған қазақ баласын атажұртқа шақырып, Ұлы көшке жол аштық. Соның нәтижесінде ел еңсесі тіктеліп, ұлттық рухымыз көтерілді.

Екінші онжылдық – Қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңі. Осы жылдарда мемлекетіміздің тұғыры нығайып, экономикалық әлеуетіміз арта түсті. Құрлықтағы барлық шекарамызды айқындап, заң жүзінде бекіттік. «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырып, тарихымызды түгендедік. Солтүстік Аралды құтқарып, қаштық теңізді қайтардық. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің саммиттерін өткізуге және басқа да бірқатар маңызды халықаралық жобаларға бастамашы болдық. Елімізге шетелден қомақты инвестиция тарттық. Есілдің жағасында бой көтерген еңселі елордамыз ұлттық идеямызға айналды. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізі сияқты ірі инфрақұрылымдық жобалар қолға алынды. Тұрғын-үй құрылысы да бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамыды.

Үшінші онжылдықта шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналдық. Шекіре мәселесін біржола шештік. «Қазақстан – 2050» стратегиясын қабылдап, озық дамыған отыз елдің қатарына қосылуды межеледік.

Әр бағыт бойынша «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму», «Нұрлы жол», «100 нақты кадам» сияқты ауқымды бағдарламалар жүзеге асырылды. Саяси және экономикалық реформалармен қатар рухани жаңғыруға баса мән бердік.

Осынау толағай табыстардың бәріне Елбасының дара көшбасшылығының һәм халқымыздың даналығы мен парасатының, бірлігі мен ынтымағының, отандастарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік. Сондықтан, Елбасы Тәуелсіздігіміздің мәңгі символына айналды, ақиқатты айтқан болар едік.

Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет.

Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез-келген істе әділдік қағидатын басшылыққа алсақ, бұған анық қол жеткіземіз. Мысалы, тұрғындардың түрмысын жақсарту түспесек, еліміздің жетістіктері мен халықаралық табыстарын мақтан ету артық. Азаматтарымыз экономикалық өсімнің игілігін сезіне алмаса, одан еш қайыр жоқ. Мен әрбір шешімді қабылдағанда осы ұстанымды басшылыққа аламын. Біз халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартумен қатар, барлық азаматтардың мүддесін бірдей қорғаймыз. Менің ұғымдағы әділетті мемлекет дегеніміз – осы.

Тарихқа көз жүгіртсек, әр буын белгілі бір сынақты ба-сынан өткереді. Біздің бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны», аталарымыз алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көрді.

Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жазмадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Бірақ, ұлт пен ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керек.

Қазіргі пандемия және соның салдарынан туындаған дағдарыс бүкіл әлемнің бұрын болмаған жаңа сынақтармен бетпе-бет келіп отырғанын

анық көрсетті. Экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, биологиялық және басқа да қатерлерге қоса, жер жүзіне жағымсыз идеологиялық вирустар да жайылып келеді. Жаһандану кезінде ел жат жұрттың ықпалына бейсаналы түрде ілесіп кеткенін аңғармайды. Басқаша айтқанда, мәжбүрліктен емес, санасының улануы арқылы өз еркімен торға түседі. Сондықтан, жаңа заманның жақсы-жаманын екшеп, артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар, тамырымызды берік сақтауымыз қажет. Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден ажырап қалмау – барлық өркениеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден бір кепілі.

ТАНЫМ мен ТАҒЫЛЫМ

Бүгінде Тәуелсіздік құрдастары ойы толысқан отыз жасқа толды. Егемен елде дүниеге келіп, өсіп-жетілген олардың санасы сергек, көзқарастары да, өмір салттары да өзгеше. Тіпті, Тәуелсіздікті ешбір дәлелді қажет етпейтін аксиома деп біледі. Бұл – егемендік ұғымы жастардың санасына берік орныққанын көрсететін қалыпты құбылыс. Бірақ Тәуелсіздік құндылығы жадына біржола шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін өскелең ұрпақ оның қадірін білуі керек.

Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуге тиіс.

Кезінде «Мәдени мұра» бағдарламасы ұлт шежіресін тағдарлауға ғажайып. Отандық тарих ғылымы тың серпінмен дамып, түрлі бағыттар бойынша көптеген зерттеу жүргізілді. Бұрын бәймәлім болған қаншама тарихи деректер, археологиялық қазыналар табылды. Тарихымыз сан мың жылдан тамыр тартатынын айғақтайтын жаңалықтар ашылды. Елбасының осындай іргелі бастамалары халқымыздың тарихи санасын жаңғыртуға

зор үлес қосты. Бағдарлама аясындағы еңбектер том-том болып жарыққа шықты. Дегенмен, сол қажырлы еңбектің жемісін көпшілік көріп отырма? Зерттеу жобаларының біразы ғылыми институттар мен орталықтардың аясында ғана қалып қойған жоқ па?

Мұндай іргелі ізденістердің нәтижесі тек осы сала мамандарының игілігіне ғана айналуы орынсыз. Оны қалың жұртшылыққа түсінікті және қолжетімді ету қажет. Өйткені тарихшылардың ғана емес, барша жұрттың, әсіресе, жас ұрпақтың тарихи санасы айқын әрі берік болуға тиіс. Бұл ретте, ауқымды көрмелермен немесе басқа да үлкен жобалармен әуестенбей, балаларға, жастарға арналған қарапайым әрі қабылдауға жеңіл туындыларға баса мән берген жөн. Мысалы, деректі және көркем фильмдерді алайық. Осы бағытта «Алмас кылыш», «Жау жүрек мың бала», «Томирис», «Кейкі батыр», «Тар заман» сияқты тарихи фильмдер түсірілді. Бірақ бұл әлі жеткіліксіз.

Мен құзырлы органдар мен отандық телеарналарға мемлекеттік тапсырыстың түрлі бір бөлігін берудің бір түрде тарихи тақырыптарға бағыттауды тапсырамын. Әрине қаржы мәселесі шешілуі керек. Дегенмен, көп қаражат жұмсамай да жоғары деңгейдегі өнер туындысын түсіруге болатынын қырғыз бауырларымыз «Құрманжан датқа» фильмі арқылы анық көрсетті.

Бүгінде әлемдік киноиндустрияда тарих тақырыбындағы сценарийлерге сұраныс жоғары. Американың да, Еуропаның да айтулы оқиғалары туралы фильмдер өте көп. Қазір Netflix, HBO және басқа да алпауыт кинокомпаниялар Азияға бет бұруда. Орайыда біздің де шежіремізде ауқымды фильмдерге арқау болатын маңызды белестер мен оқиғалар баршылық. Мысалы, әлемдегі ең қуатты империялардың бірі болған Алтын орда тарихы дайын тұрған жоқ па?! Бұл мәселеге болашақта кино саласының мамандары баса назар аударғаны жөн.

Көркем және деректі тарихи туындыларда мемлекеттік және мемлекетшілдік идеясы



ҚЫМБАТ

әрдайым көрініс табуы қажет. Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды.

Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек. Сонымен бірге, осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар мен жазушылардың да еңбегі қолдауға ие болуы және бағалануы қажет. Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиіс.

Миллиондаған адамды қазаға ұшыратып, тірі қалғанын жан сауғалап босып кетуге мәжбүр еткен алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі – 1921-1922 жылдардағы нәубеттен бері 100 жыл өтті. Сол зұлматтың кесірінен қырылып қалмағанда, халқымыздың саны қазіргіден әлденеше есе көп болар еді.

Тарихымыздың осы ақтандық беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді. Тіпті, ғалымдардың арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы ортақ пайым жоқ. Ала-құла деректер және оның себеп-салдары жайлы әртүрлі көзқарастар қоғамды адастырады. Тиісті тарихи құжаттарды, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек.

Білікті мамандар жүйелі зерттеумен айналысып, соған сәйкес ашаршылық мәселесіне мемлекет тарапынан баға берілгені жөн. Біз бұл күрделі мәселеге ұстамдылықпен және жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Жалпы, тарихи деректерді ұстанымдылықпен және жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Жалпы, тарихи деректерді ұстанымдылықпен және жауапкершілікпен қарауымыз қажет.

Биыл әйгілі Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толады. 1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймақпай, ұлт намысы үшін атаңа бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда, азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек.

Біз жыл соңына дейін жаңа тарихымыздағы бірнеше айтулы оқиғаның мерейлі белесін атап өтеміз. 1991 жылы Семей полигоны жабылды. Оның еліміз ғана емес, барша адамзаттың болашағы үшін айрықша маңызды шешім екенін білдіретіндігіне сенімді ие болды, халықаралық қоғамдастықта жауапкершілігі жоғары ел ретінде мойындалды.

«Өткен күннен алыс жоқ,

келер күннен жақын жоқ» дейді халқымыз. Кешегі өткен хандар мен қағандардың дәуірі ғана емес, соңғы отыз жылдағы жасампаздық жолымызда бүгінде тарихқа айналып, күн сайын алыстап барады. Азаттық таңын өз көзімен көрген алдыңғы буын болмаса, кейінгі жастар өткен ғасырдың 90-жылдарындағы тарихи оқиғалардың тереңіне бойлап, мәнін жете түсіне бермейді. Тәуелсіздікке тағдырдың бере салған сыйы ретінде қарайды. Шын мәніндегі ахуал олай емес.

Елбасы сол кездегі саяси, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және басқа да жағдайларға байланысты жеті рет емес, жетпіс рет өлшеп, бір рет кесуге мәжбүр болды. Біз тығырықтан шығар жолдың саңылауы да көрінбейтін қиын күндерден қақтығыспен қантөгіске ұрынбай аман шығып, ешкімге есемізді жібермей, жаңа сипаттағы Қазақ мемлекетін құрдық. Бүгінгі және болашақ ұрпақ мұны әрдайым біліп отыруы керек. Сол үшін Қазақстанның жаңа тарихын да жүйелі зерттеген жөн.

Шынына келсек, Тәуелсіздік жылдарында бірнеше рет қолға алынғанына қарамастан, ұлттық мүддемізге сай келетін көп томдық жаңа тарихымыз әлі толық жазылған жоқ. Оның тұжырымдамасын бұған дейінгі олқылықтарды ескере отырып қайта қарап, жаңа ғылыми ұстанымдар мен жаңалықтардың негізінде тыңнан жазатын уақыт әлдеқашан келді. Барлық оқулықтар осындай іргелі еңбекке негізделіп әзірленеді. Бұл – ұлт шежіресін дәріптеу тұрғысынан алғанда стратегиялық маңызы бар мәселе. Сондықтан, Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазуды дереу бастау керек. Түптеп келгенде, тарихи сананы жаңғырту мәселесінің түйіні – осы. Бұл іске беделді тарихшыларымызды тарту қажет.

Сонымен қатар, шетел аудиториясына арналған Қазақстанның қысқаша тарихын жазып, әлемнің негізгі тілдеріне аударуды ұсынамыз. Бұл – қазақтың сан ғасырлық шынайы тарихын әлемге танытудың бірден-бір жолы.

Әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуға тиіс. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді.

ҚОҒАМ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚ

Егемендігіміздің мәңгілік ұштаманы – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы ұш құндылықты көздің қарашығындай сақтаймыз.

Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау

ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді. Халқымыз Қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын Орда, Түрік қағанаты, Ғұн, Сак дәуірінде де осы жерде өмір сүріп, өсіп-өнген. Қысқаша айтқанда, ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатыр. Жалпы, тарихпен саясаткерлер емес, тарихшылар айналысуы керек.

Шекара сызығын ресми түрде халықаралық шартпен бекітіп, оны әлем жұртының мойындауы соңғы бірнеше ғасырда үрдіске айналды. Оған дейін қазіргідей делимитация, демаркация деген ұғымдар болмаған.

Біз шекара мәселесін шешумен нақты айналысып жатқан кезде кейбір саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері «біз бұған асықпайық», «кейін де келісуге болады» деп арқын келісуге ыңғайсыз келгені есімізде. Келіссөздерді табандылықпен жүргізіп, іргемізді дереу қымтап алғанымыз өте дұрыс болғанын уақыттың өзі дәлелдеп берді. Қазір кім не айтса да, біздің екіліп, халықаралық деңгейде танылған шекарамыз бар. Енді оған ешкім дауласа алмайды.

Аумақтық тұтастығымызға күмән келтіріп, тату көршілік қатынастарға сына қакқысы келетін кейбір шетел азаматтарының арандатушылық іс-әрекеттеріне ресми және қоғамдық деңгейде тойтарыс бере отырып, ағартушылық жұмыстарын ұстамдылықпен жүргізген жөн. Біз ұлттық мүддені аспен де, таспен де қорғауға дайын болуымыз қажеттігін тағы да баса айтқым келеді.

Жоғарыда айтқандай, шекарамыз толығымен шегенделді. 2018 жылы Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылғаннан кейін құрлықтағы ғана емес, теңіздегі шекарамыз да біржола айқындалып, түпкілікті шешілді.

Қазақстан – біртұтас мемлекет. Еліміз оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс деп бөлінбейді. Бұл – тек бағытты білдіретін шартты атаулар. 2018 жылы

Елбасының Жарлығымен Оңтүстік Қазақстан облысына Түркістан атауы берілді. Тарихи әділдікті қалпына келтірген орынды шешімді халық бірауыздан қолдап, өте жылы қабылдады. Өйткені, мұндағы шежірелі шаһар ғана емес, тұтастай көне замандардан бері Түркістан деп аталған. Осы игі үрдісті еліміз бойынша жалғастыруға болады. Біз мұндай қадамдарды байыппен жасаймыз.

Жерге байланысты бәріміз айқын білетін және бұлжымайтын ақиқат – қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды. Осыны әр азаматымыз санасына берік сіңіруі қажет. Келесі жылы Жер кодексінің жекелеген нормаларына қатысты енгізілген мораторийдің мерзімі аяқталады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді айналымға енгізіп, халықтың игілігіне жарату – өте маңызды мәселе. Сондықтан, биыл Жер мәселесі жөніндегі комиссияны құрып, соның аясында бір байламға келген жөн.

Қазақ үшін тоқымдай жердің өзі алтын. Бірақ біз соны бағалай білеміз бе?! Жер қадірін білу жалаң ұранмен өлшенбейді. Өкінішке қарай, асқар тауларымыз бен айдын көлдерімізді, ұлан-ғайыр даламызды ластап жатқан да өз азаматтарымыз. Көкжайлауға от жағып, қоқыс шашып кеткен де, Көбейтудың батпағын шелектеп тасып, көлдің ортасында көлікпен ойқастаған да солар. Бір тұтам мүйізі үшін көзін мөлдіретіп кикіктерді қырған да өзгелер емес. Қасиетті жеріміздің киесінен қорықпай, жат жұрттың да қолы бармас, қалайша осы мекеннің иесіміз деп кеуде соға аламыз? Бұл – ашы да болса, шындық. Біз жеріміздің шын жанашыр иесі екенімізді нақты іспен көрсетуге тиіспіз. Ол көшеге қоқыс тастамау, сөркінген жерге от жақтамау, қиянатқа қарапайым нәрселерден бастап, жалпыхалықтық сипаттағы ауқымды экологиялық шаралар арқылы көрініс табуы қажет.

Мұның бәрі тәлім-тәрбиеден басталады. Ата-анасымен бірге ауласына ағаш екпеген, үлкендердің жан-жануарға мейірімін көрмеген, кішкентайынан табиғатты аялауға дағдыланбаған бала өскенде туған жеріне жаны ашымайды. Мәселі экологияда емес – отаншылдықта, заңда емес – санада.

Елі мен жерін сүю үшін жас ұрпақ байтақ Қазақстанның ғажайып жауһарларын білуге тиіс. Батыста Бозжыра мен Шеркала, күнгедей Аксу-Жабағылы мен Сайрам-Өгем, Жетісуда Хан Тәңірі мен Шарын, Көлсай мен Қайыңды, Қапал-Арасан, Алтынемел мен Бұрхан бұлақ, шығыста Мұзтау мен Шыңғыстау, Марқакөл мен Рахман қайнары, Аркада Бурабай мен Баянауыл, Ұлытау мен Қарқаралы, теріскейде Имантау мен Айыртау және басқа да көрікті жерлеріміз жетіп артылады. Жер жәннатын алыстан іздеудің қажеті жоқ. Бәрі өзімізде бар. Жастарға осындай керемет табиғатымызды танытып, оны қадірлеуге баулуымыз керек.

Уақыт ұттырмай қолға алып, дәйекті түрде іске асыратын тағалық жерлерге Халықтың қалыбық жерлерге жаппай көшуі салдарынан көптеген ауылдарда, әсіресе, шекара маңындағы елді-мекендерде тұрғындар саны күрт азайды. Біз еңбек күші көп оңтүстік өңір тұрғындарының солтүстік және шығыс аймақтарға қоныстануына қолайлы жағдай жасап, осы жұмысты назарда ұстаймыз. Бұл – өте өзекті әрі еліміздің қауіпсіздігіне қатысты мәселе. Бұған қоса соңғы жылдарда түрлі себептерге байланысты бәсеңдеп қалған қандастар көшін барынша қолдап, оларды жоғарыда айтылған өңірлерге орналастыруды жандандырамыз.

Бұл екі мәселенің де стратегиялық маңызы бар. Оған кезекті науқан ретінде қарауға болмайды. Жергілікті билік мұндай жұмыстарды жоғарыға көпірген ақпарат беру үше емес, мемлекеттік мүдде және ағайынға шынайы жанашырлық тұрғысынан жасауға тиіс.

(Жалғасы 6-бетте)

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

(Басы 4-5-беттерде)

Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі екені Ата заңымызда 90-жылдардағы күрделі кезеңнің өзінде нақты жазылған. Біз тәуелсіздік дәуірінде ана тілімізді дамыту үшін барлық жағдайды жасадық. Осы аралықта қазақ тілінде білім беретін мектептер мен оқу орындарының, балабақшалардың саны еселеп көбейді.

Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дүрісі болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты.

Тіл игеру үшін балалар әдебиетінің атқаратын ролі зор. Сондықтан, қазақ қаламгерлерінің үздік шығармаларына қоса, балаларға арналған шетел жазушыларының да таңдаулы туындыларын аударып, көптеп басып шығаруды және таратуды қолға алған жөн. Оған сұраныс жоғары.

Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады. Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытта меңгере алатынын көріп отырмыз. Тұтас басып алынған көрініс осы. Тұтас қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Халқымызда «Ештен кеш жақсы» деген сөз бар. Ең бастысы, ынта болуы керек.

Ана тілімізді кенінен қолдану – біздің шектеу қойылады деген сөз емес. Барша этнос өкілдерінің ана тілін, салт-дәстүрін дамытуға мүмкіндік жасала береді. Жастарымыз бірнеше тіл білу өздерінің көкжиегін кеңейтіп, көкірек көзін оятатынын жете түсінгені абзал.

Бізді қай заманда да қиындықтардан аман алып келе жатқан басты құдірет – ел бірлігі. Ынтымағы жарасқан жұрттың қашанда ұпайы түгел. Түрлі жағдайларға байланысты қазақ жеріне әр кезеңде әртүрлі ұлт өкілдері көптеп қоныстанды. Қазір ел бірігіп, ешкімді жат көрмей, бауырына басты. Бүгінде олардың туған жері де, Отаны да – Қазақстан. Біз көпэтностық сипатымызды артықшылығымызға айналдыра алғанымыз анық. Көптеген шетелдік сарапшылардың елімізге қатысты «Шуразиядағы шырпы тисе лап еткелі тұрған құрай», «failed state» сияқты болжамдарын жоққа шығардық. Бұл жолда тыныштық пен

тұрақтылықтың бастауы болған Қазақстан халқы ассамблеясы тиімді жұмыс атқарды. Ешкімді ұлтына қарап, бөле-жарған жоқпыз. Бәрінің өсіп-өнуіне толық жағдай жасадық, бірдей мүмкіндік бердік. Біздің ұлтаралық келісім саясатымыз әлемді мойындатты. Халқымыздың осындай ырыс-ынтымаққа негізделген жарасымын бағалай білуіміз керек. Бұл – кемел келешекке бастайтын бірден-бір дұрыс жол. Сондықтан, ұлтаралық татулық пен келісімді сақтау – мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның және әрбір азаматтың міндеті. Түптеп келгенде, еліміздегі тұрақтылық пен береке-бірлік үшін барлығымыз бірдей жауаптымыз.

Осы орайда, халқымызды біріктіретін ортақ құндылықтарды барынша дәріптеп, ой-санаға берік орнықтыруымыз керек. Мысалы, Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамға ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады.

ҰЛАҒАТ пен ҰСТАНЫМ

Сонғы кезде қазақстандықтардың ел өміріне белсенді араласуға, шешім қабылдау үдерісіне қатысуға ынтасы артып келеді. Менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдама және Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі – осы сұранысқа тікелей жауап. Оны Ордабасыдағы, Жылтөбедегі, Ұлытаудағы ұлы жиындардың заманауи үлгісі деуге болады. Біз қазақтың қанына сіңген қасиет – келелі істі ақылдасып бірге шешу дәстүрін жалғастыра береміз.

Бұл бастамалар азаматтық қоғамды дамытуға негіз болады. Қазіргі шаралар аяқталып жатқан мәжбүрліктен қолға алынған жоқ. Ол – елімізді демократияландыруға, саяси жүйені жаңғыртуға бағытталған саясаттың жемісі.

Саяси реформа бір күннің немесе бір жылдың шаруасы емес. Мұны ел іргесін шайқалтпай, береке-бірлігін бұзбай, байыппен және біртіндеп іске асыруымыз керек. Бірақ, реформаны соза беруге де болмайды. Билік халықтың алдындағы өз жауапкершілігін сезінгені жөн. Сол себепті біз ауыл және кент әкімдерін сайлауға көшеміз. Осы орайда ең төменгі деңгейден бастап жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайтамыз. Бұл қадам өзекті мәселелерді тұрғындар мен жергілікті биліктің бірлесіп шешуі үшін қажет. Содан кейін аудан әкімдерін сайлаймыз. Жаңа жүйе өзінің тиімділігін көрсетсе, бұдан да жоғары деңгейдегі әкімдерді сайлайтын боламыз.

Бірақ, саяси жаңғыру ба-

рысында асығыстыққа бой алдыруға және жалаң ұранға еріп, мемлекеттік жүйені дағдарысқа ұшыратуға болмайды. Бір сәтте барлығын түбірімен өзгерту неге әкеп соқтыратынын кейбір елдердің бүгінгі ахуалынан көріп отырмыз. Елімізде, ең алдымен, адамның құқығын толығымен сақтауға негізделген заң мен тәртіп болуы керек. Анархия мен жүгенсіздік жақсылыққа апармайтыны анық.

Қазақстанның саяси жүйесі заман талабына сай дамып келеді. Мәжіліс депутаттарының биылғы сайлауы – көппартиялы Парламентті орнықтыру жолындағы маңызды қадам. Бізде саяси көзқарастары әртүрлі партиялар бар. Олардың ұстанымдары консервативті, либералды, ұлтшыл, социалист және тағы басқа болуы мүмкін. Бұл – табиғи үдеріс. Саяси плюрализм мемлекетті эволюциялық жолмен дамытуға және нығайтуға мүмкіндік береді. Саяси күштер осындай әралуан болса да, баршасын біріктіретін және бәріне ортақ құндылық бар. Ол – кәсірлі Тәуелсіздік.

Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғырлымы, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу.

XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басқарушы күші болуға тиіс. Бұл туралы ұлы Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деген.

Тәуелсіздік жылдарында таланттымен таңдай қақтырған жас өрендердің тұтас легі өсіп-жетілді. Бүкіл әлемді аузына қаратқан ғажайып дарын иелері де бар. Олар – Қазақстанның мәдени келбеті, елімізді халықаралық аренада танытып, Тәуелсіздік құндылықтарын жер жүзіне паш ететін рухани елшілерміз, біздің айрықша күшіміз («soft power»). Осындай азаматтарға қамқор болу – мемлекеттің міндеті.

Жаһандану заманында айдай әлем алақандағыдай болып қалды. Талапты ұлқызыларымыздың жер жүзіндегі кез-келген елге барып, білім алуы қалыпты үрдіске айналды. Сонда қалып, қызмет істеп жүргендер де аз емес. Осы орайда, ел ішінде жастар шетелге кетіп жатыр деген алаңдаушылық бар. Мен жастарымыз білімін жетілдіріп, бәрібір елге оралады немесе шетелде жүріп-ақ Қазақстанның мүддесін қорғайды деп сенемін.



Халқымыз «Атың барда жер таны, желің жүріп» дейді. Кезінде Елбасы бозбала шағында Украинаға аттанып, еңбек, білім және әкімшілік дағдыларына ие болды. Мен де білім қуып Мәскеуге сапар шектім, өзге мемлекеттерде жұмыс істедім. Біздің талай замандастарымыз бүгінгі жастар сияқты алыс шетелдерге бара алмаса да, Кеңес Одағының түрлі қалаларында білім алды. Бірақ, басым көпшілігі тамырынан ажырап, ол жақта біржола қалып қойған жоқ. Елге келіп, еңбек етті. Сондықтан жырақта жүрген жастарымыздан айырылып қаламыз деп уайымдаудың жөні жоқ. Біздің міндетіміз – олардың бойына мемлекетшілдік рухын сіңіріп, қай жерде жүрсе де туған елдің игілігіне қызмет етуге жұмылдыру. Мысалы, әлемнің ең дамыған елдерінде өз кәсіпін дамыған елдерінде алпауыт компанияларда жұмыс істеп жүрген азаматтарымыздың осындағы замандастарымен байланысын нығайтып, тәлімгерлік етуіне жағдай жасауымыз керек.

Если кого-то раздражает переименование в Казахстане населенных пунктов, это право суверенного государства, справедливое искоренение колониальных имперских отличительных знаков, рудиментов прошлого. Так Россия сама сначала показала такой пример. В России также часто переименовывают населенные пункты. Никто ведь не вмешивается на этот процесс (например, Кёнигсберг – Калинин; Петроград – Ленинград – Санкт-Петербург; Сталинград – Волгоград; Свердловск – Екатеринбург и т.п.).

Во же время есть и критическое отношение к Жириновскому. Например, небезызвестный его бывший «соратник» Э. Лимонов в своей книге «Лимонов против Жириновского» писал: «Он обманывает, обманывает, шустрит... Владимир Вольфович – новое лицо будущих бед России. ...Я не склонен ни смеяться над Жириновским, ни соучаствовать в создании из него монстра и Гитлера, я вижу, что человек этот серьезно опасен России. Я воспринимаю и понимаю его как врага России (она для него лишь территория, на которой сын Вольфа будет президентом) и русских, и как против такового я обязан был против него выступить. Русские люди... Ясно, что время смутное, трудно разобраться, но все же, русские люди, вы что, ох...? Вглядитесь. Он же директор продбазы. И только».

– И в заключение ваши предложения.

– Наших чрезмерно ретивых патриотов призываю не поддаваться провокациям персон типа В.Никонова, В. Жириновского и других и вести полемику корректно, не оскорбляя русский народ, который в основной массе по-христиански добр, справедлив и честен. Отпор конкретным провокаторам необходимо давать политически взвешенно, по-научному аргументировано и строго в рамках действующих законов и международных договоров.

В.Жириновский и ранее выражал оскорбительные для Казахстана высказывания. Давно надо было нашей стране признать его «персона нон грата». Это остудило бы многих потенциальных провокаторов.

Казахстан должен резко осуждать абсурдные призывы официальных лиц любой страны, расщипывающих нарушить целостность и стабильность нашей суверенной Республики, и незамедлительно признавать таких лиц «персона нон грата» и закрыть наглухо наши границы для таких недругов навсегда.

В Конституции РК записано: «Суверенитет Республики распространяется на всю ее территорию. Государство обеспечивает целостность, неприкосновенность и неотчуждаемость своей территории. ... Запрещаются создание и деятельность общественных объединений, цели или действия которых направлены на насильственное изменение конституционного строя, нарушение целостности Республики, подрыв безопасности государства, разжигание социальной, расовой, национальной, религиозной, сословной и родовой розни, а также создание не предусмотренных законодательством военизированных формирований».

– Накипбек Кенжебаевич, большое спасибо за интервью!

Дастан ЕЛДЕС

КАК ВЫУЧИТЬ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК САМОСТОЯТЕЛЬНО ДОМА С НУЛЯ

Обычно желание выучить казахский язык возникает у людей, планирующих переехать или продолжить проживание в Казахстане. Если во времена СССР и в течение 5–10 лет с момента его распада в стране преимущественно говорили на русском, то с течением времени казахский язык стал доминирующим. Поговорим о том, как быстро выучить казахский язык в домашних условиях, приведем ТОП-15 полезных ресурсов для обучения и поделимся лайфхаками для максимально эффективного обучения курсов многим не хватает времени. Поэтому Info-profi.net расскажет, как выучить казахский язык в домашних условиях.

ЧТО НУЖНО ЗНАТЬ ИЗУЧАЮЩИМ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Казахский язык во многом похож на русский. В нем используется та же кириллица, однако помимо привычных носителям русского языка 33 букв алфавита в казахском есть и 9 специфических звуков — это ә, і, ө, ү, ұ, ң, ғ, қ и һ. Их написание и звучание в различных слогах необходимо заучить. Если вы планируете обучение в домашних условиях и пока не собираетесь ехать в Казахстан или плотно общаться с казахами, говорящими исключительно на своем языке, имеет смысл погрузиться в словообразование и понять, как формировалось то или иное слово.

Интересно, что казахский язык является относительно молодым. Он относится к группе тюркских и активно формировался на протяжении 14–17 веков. Этот язык имеет множество заимствований из персидского и арабского, характеризуется рядом специфических особенностей в фонетике, в частности заменой фонем «ч» и «ш». В казахском есть несколько диалектов, литературным языком принято считать северо-восточный диалект — именно на нем создавали свои произведения известный поэт Абай Кунанбаев и писатель Ибрай Алтынсарин.

ТОП-5 ЛАЙФХАКОВ ДЛЯ БЫСТРОГО И КОМФОРТНОГО ОБУЧЕНИЯ

Казахский язык имеет специфическую грамматику. Например, здесь нет местоимений, обозначающих род — все «он», «она» и «они» заменяются на «ол». Разобраться во всех грамматических тонкостях самостоятельно сложно, но вполне возможно — достаточно заниматься регулярно и обладать достаточной мотивацией для обучения. Представим 5 лайфхаков, которые обеспечат быстрое и комфортное изучение.

1. Попробуйте схему 30-45-60

Эта схема предполагает постепенное увеличение учебной нагрузки. В первую неделю вы занимаетесь по 30 минут в день, во вторую 45 и в третью 60 минут. Количество еженедельных занятий вы выбираете самостоятельно, равно как и их длительность. Желательно заниматься 3–4 раза в неделю минимум по 20–30 минут. Можете увеличить длительность уроков? Отлично. Но не перегружайте себя. Помните, что лучше заниматься по 15 минут каждый день, чем по 3 часа 1 раз в неделю.

2. Больше слушайте

Разговорный казахский язык

имеет существенные отличия от литературного. Если вы хотите преодолеть языковой барьер — старайтесь как можно больше слушать речь казахов и понимать, как они строят предложения, какие фразеологизмы и словесные обороты используют. Слушать полезно и для обнаружения в лексиконе носителей заимствованных слов — часто о них, а также об их образованных формах ничего не пишут в учебниках.

3. Заучивайте ситуативные фразы

Если вы не знаете, как выучить казахский язык самостоятельно и как можно быстрее — используйте метод туриста. Он предполагает заучивание готовых фраз для различных



ситуаций. Отличным пособием станет «Ситуативный казахский» авторства Каната Тасибекова, в котором собраны наиболее распространенные и часто употребляемые фразы. Отличное решение не только для туристов, но и для новичков, желающих освоить казахский язык в полной мере.

4. Применяйте метод ассоциаций

Используйте ассоциации и мнемонические приемы — находите созвучные русские или английские слова, чтобы быстрее запоминать сложные лексические единицы. Помимо этого старайтесь углубляться в историю языка и осознавать процессы словообразования. Так вы сможете за 1 раз заучивать не одно, а 3–7 однокоренных слов.

5. Общайтесь с носителями языка

Как быстро выучить казахский язык в домашних условиях и не тратить деньги на репетитора, если вы живете в России и не можете погрузиться в языковую среду? Используйте возможности Интернета и групп по интересам, чтобы практиковаться вместе с носителями. Это поможет быстро осваивать правила построения предложений и расширять словарный запас.

КАК БЫСТРО ВЫУЧИТЬ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК? 7 СПОСОБОВ СЭКОНОМИТЬ ВРЕМЯ

В ходе изучения мы часто тратим время на подготовку, поиск и отбор метода, попытки создать мотивацию из воздуха и другие ненужные вещи. Все это отнимает драгоценное время и в итоге приводит к полному нежеланию учиться. Постарайтесь не допустить этого. Применяйте 7 способов сэкономить время при изучении казахского языка:

- 1. Не страдайте вещизмом.** Вы можете начать обучение без красивых блокнотов, полного набора книг и покупки десятков методичек, стикеров, маркеров и прочего.
- 2. Не стремитесь к идеалу.** Не нужно по 2 раза переписывать написанное и стремиться идеально произносить каждое выученное слово.
- 3. Находите реальную мотивацию.** Она должна представлять собой реальную выгоду — не тратьте время на «высасывание мотивации из пальца».
- 4. Заставляйте себя зани-**

маться регулярно. Чем реже вы занимаетесь, тем больше времени уходит на повторение и попытки вспомнить пройденный материал.
- 5. Будьте прогрессивным.** Используйте мобильные приложения, сервисы и прибегайте к помощи сообществ в социальных сетях — так обучение будет более быстрым.
- 6. Ищите контакта с носителями языка.** Вы сможете учиться быстрее и эффективнее, если обеспечите регулярный контакт с носителями — общайтесь с ними как можно чаще.
- 7. Забивайте паузы учебной.** Учите новые слова и читайте статьи на казахском языке в общественном транспорте, во время обеденного перерыва и в период любых других возникающих пауз.

Сэкономить время поможет и погружение в языковую среду. Вы должны как можно чаще прибегать к просмотру фильмов, прослушиванию радио и музыки.

Если дополнить это общением со знающими родной язык казахами, то достичь базового уровня владения можно уже через 2–3 месяца.

Сэкономить время поможет и погружение в языковую среду. Вы должны как можно чаще прибегать к просмотру фильмов, прослушиванию радио и музыки.

Если дополнить это общением со знающими родной язык казахами, то достичь базового уровня владения можно уже через 2–3 месяца.

15 ЛУЧШИХ РЕСУРСОВ ДЛЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОГО ИЗУЧЕНИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Мы отобрали не столько лучшие, сколько популярные ресур-



сы, которые помогут вам в изучении казахского языка. Среди них сайты, онлайн-курсы, сервисы, мобильные приложения и обучающие группы в социальных сетях. Представим ТОП-15 ресурсов для самостоятельного и быстрого изучения казахского языка в домашних условиях.

Сайты, онлайн-курсы и сервисы:

Soyle — один из наиболее удобных сервисов для изучения казахского языка. Здесь представлены лучшие методики, учебники, пособия, материалы и комплексные курсы. Сервис позволяет не только изучать лексику и грамматику, но и тренировать произношение.

Просто о сложном — русскоязычный сайт, ставший победителем во многих просветительских номинациях. Особенно эффективен при изучении грамматики и фразеологизмов — правила структурированы по категориям, а фразы разобраны носителями языка.

Казтест — система оценки уровня владения казахским языком, одобренная Правительством Республики Казахстан. Здесь можно протестировать онлайн-тестирование и понять, насколько глубоки ваши познания, чтобы скорректировать или дополнить план подготовки.

Sozdiq — объемный и предельно удобный в использовании русско-казахский словарь, который может похвастаться максимально точными переводами слов и представлением наибольшего числа их значений.

Resmihat — бесплатная платформа по обучению деловому казахскому языку. Идеально подойдет специалистам, которые работают с документами и планируют трудоустроиться в Казахстане.

Әдебиет порталы — портал со статьями, книгами, подкастами и аудио-книгами на казахском языке. Материалы здесь постоянно обновляются, поэтому стоит использовать сайт как источник интересной и актуальной информации.

Обучающие группы в социальных сетях:

Казахский язык — популярная группа в социальной сети «ВКонтакте», число активных участников которой превышает отметку в 30 000 пользователей. Здесь можно найти массу обучающих материалов и курсов, попросить совета и даже пообщаться с носителями языка.

ErkinJol — обязательно подпишитесь на это сообщество, если у

вас есть аккаунт в Instagram. Здесь регулярно выкладывают ссылки на курсы, картинки с фразеологизмами и цитатами, а также массу других полезных материалов для изучающих казахский язык.

Казахский язык KZ — канал с видео-уроками по изучению казахского языка на YouTube, который будет интересен как новичкам, так и обладающим знаниями студентам.

ОрыStar — канал в Instagram, который поможет учить казахский язык с юмором.

Bas Qosu — пожалуй, самое большое сообщество для изучения казахского языка в Facebook.

Мобильные приложения:

1. Слова бегом — хорошее приложение для расширения словарного запаса. Помогает запоминать слова с помощью визуальных ассоциаций.

Казахский для начинающих — приложение для новичков, особенно удобное для изучения алфавита и погружения в языковую среду.

Qazaq App — приложение предлагает учить казахский язык, основываясь на казахской методике. Вы узнаете интересные факты о городах Казахстана, истории и культуре страны, параллельно расширяя словарный запас.

Audiokitap — настоящая сокровищница с книгами, подкастами и массой других интересных материалов.

Обратите внимание: вы можете с легкостью найти сотни других приложений для самостоятельного изучения. Среди них программы вроде HelloTalk, которые помогают общаться с носителями, и полноценные онлайн-курсы. Выбирайте приложения и сервисы, которые удобны именно вам.

РЕЗЮМЕ

Казахский язык не самый популярный для изучения, потому обучающих ресурсов сравнительно немного. Но русскоязычным студентам гораздо проще освоить его. Прежде всего, из-за частой возможности общаться с носителями не только на казахском, но и на русском. Подберите правильную методику, используйте эффективные способы экономии времени и современные сервисы. Это позволит быстро выучить казахский язык и пройти любое тестирование.

Мария КОСИЦЫНА

КАЗАХСКИЙ УЧЕНЫЙ, ПОКОРИВШИЙ ВЕСЬ МИР. ЧТО ИЗВЕСТНО О НОМИНАНТЕ НА НОБЕЛЕВСКУЮ ПРЕМИЮ?

Это единственный казахстанец с четырьмя мировыми открытиями. Подлинная биография настоящего ученого – это история его идей. Доктор химических наук Хабибулла Оспанов – единственный ученый в истории современного Казахстана, который имеет на своем счету сразу четыре мировых открытия. А в 2011 году он был номинирован на Нобелевскую премию в области химии, передает Azattyq Rýhy. На соискание самой престижной награды его выдвинула влиятельная Международная ассоциация по водородной энергетике, находящаяся в США (Майами). В 2001 году Хабибулла Кусаинович был награжден именной платиновой медалью и занесен в книгу «Выдающиеся ученые XXI века» («Outstanding Intellectuals of the 21st Century», Кембридж, Англия).



Часто бедность научных достижений иные деятели прикрывают пышными эпитетами и длинным перечнем всякого рода почетных должностей и членств в околонучных организациях. У профессора Оспанова все наоборот – всю свою жизнь он старался избегать высоких постов и не гонялся за наградами.

К примеру, в 80-ые годы ему предлагали возглавить один из ведущих институтов Сибирского отделения наук (СО АН СССР). А это сразу открывало ему по должности путь к званию члена-корреспондента АН СССР и далее... Но он неизменно отказывался.

«На Западе главное звание ученого – это профессор, а лучшая должность – заведующий кафедрой, потому что она дает определенную степень самостоятельности и оставляет достаточно времени для занятий наукой», – пояснял он недоумевающим ученикам.

Конечно, его ученики и коллеги могут быть необъективны в оценке заслуг своего шефа. Но вот что написал выдающийся ученый, лауреат Нобелевской премии, директор Международного института физики и химии Илья Пригожин (Бельгия): «Прочитал вашу биографию. Великолепно выполненное произведение. Восхищаюсь и желаю удачи! Приглашаю читать лекции в нашем институте».

ЕДИНСТВО ЦЕЛИ

По мнению научных экспертов, Хабибулла Оспанов совершил локальную революцию – он разработал общий принцип предсказания химических реакций веществ, содержащихся в минералах на основании их термодинамических (энергетических) параметров. Сложные задачи состоят в том, что ценные металлы (скажем, золото, свинец, железо, олово, медь) находятся в составе руд в виде сложных химических соединений.

Обычно, параметры процесса подбирают в ходе экспериментов, часто «на ощупь».

Основываясь на принципе Оспанова можно заранее подобрать необходимые реагенты, вычислить скорости возможных реакций и даже очередность извлечения металлов. А это мечта каждого гидрометаллурга.

Если просто и в двух словах, то фундаментальная ценность его идеи состоит в том, что он впервые установил взаимосвязь между термодинамическими параметрами веществ и скоростью возможных химических реакций. Каждое из его четырех открытий – это частный случай общей теории профессора Оспанова.



В качестве главного параметра он ввел новую термодинамическую функцию – среднюю атомную энергию образования Гиббса.

Как написал в отзыве к биографии Хабибуллы Кусаиновича один из ведущих ученых Союза в области химической термодинамики профессор Юрий Харитонов, «введение в научный обиход понятия приведенного значения изменения энергии Гиббса химической реакции (химическое сродство позволяет прогнозировать эффективность действия растворяющего реагента для вскрытия труднорастворимого минерала. А также предсказывать последовательность прохождения конкурирующих реакций, протекающих на границе раздела твердое тело-жидкость, при переработке минерального сырья гидрохимическим методом (гидрометаллургия, химическое обогащение, химическая технология)».

По мнению профессора Харитонova, «книга рассматриваемого направления – первая ... в мировой литературе».

И все же: почему идею можно

назвать революционной? Дело в том, что до открытий профессора Оспанова считалось, что кинетика (наука о скорости химических реакций) и термодинамика не связаны между собой. Никто в мире – скажем это с гордостью – до профессора Оспанова не смог установить количественные закономерности между скоростью химреакций и термодинамическими функциями реагентов.

Именно по этой причине еще в советское время его теория (она была создана им еще в начале 80-ых годов), долгое время не признавалась научным сообществом. И мы, его ученики, этому свидетели. Более того, некоторые физхимики откровенно посмеивались: «Этого

не может быть потому, что этого не может быть никогда». Увы, таков путь большинства по-настоящему революционных идей.

Поясним, научным открытием называют установление новых закономерностей, коренным образом меняющих представления о природе.

«Чтоб удивиться, достаточно одной минуты; чтобы сделать удивительную вещь, нужны многие годы», – точно сказал Гельвеций.

Развивая свою теорию, подкрепляя ее сотнями экспериментов, созданием десятков новых технологий, изобретений, автор упорно как танк избирался к цели. И в 2000-ые годы научный мир наконец прозрел и признал правоту его концепции. В 2003, 2004, 2009 и 2013 годах он был награжден за свои открытия Международной академией авторов научных открытий и изобретений тремя золотыми и одной серебряной медалью.

Касаясь прикладной стороны теории профессора Оспанова, можно сказать – это ключ в управлении сложными физико-химическими

процессами с наименьшими затратами времени и сырья.

В 2007 году за свою «Теорию управления физико-химическими процессами, протекающими на границе раздела твердое тело – жидкость» Хабибулла Кусаинович был награжден общенациональной независимой премией «Платиновый Тарлан» в номинации «Наука».

НАУКА И ЖИЗНЬ

Все, кто был знаком с ХК (так Хабибулла Кусаиновича за глаза обычно называют ученики), отмечают его главное свойство – это генератор идей. Таким он остается и в свои 88 лет. Его коллеги в шутку называют профессора Оспанова



вечным двигателем химии – за неистощимую страсть к науке.

Хабибулла Кусаинович родился в 1932 году в с. Торайгыр Баянаульского района Павлодарской области. Баянаул, как известно, дал нашей стране целую плеяду выдающихся ученых и культурных деятелей. К примеру, Каныш Сатпаев – создатель металлогенетической карты РК, основатель Академии наук, выдающийся гидроэнергетик Шафик Шокин, первый крупный химик-казах Абыкен Бектуров, мэтр историографии Алькей Маргулан, основатель «Казахфильма» Шакен Айманов, поэт Султанмахмуд Торайгыров и многие другие.

Лучший двигатель науки – это любопытство, помноженное на целеустремленный труд. Начав свой трудовой путь в Александровском руднике разнорабочим в годы войны, к зрелому возрасту Хабибулла Кусаинович благодаря своей способности смотреть на привычные вещи под новым углом и не бояться авторитетов получил все сопутствующие награды ученого – открытия, мировое признание, ученики. Как

говорят американцы – это «self-made man» – человек, сделавший себя сам. Про его многочисленные правительственные и научные награды, титулы, мы, как и обещали, не будем писать.

Своими же учителями профессор Оспанов считает светлой памяти ученых Батырбека Беремжанова, Михаила Карапетьянца, Зою Рождественскую.

Хабибулла Кусаинович создал собственную научную школу, под его руководством защищены десятки кандидатских и семь докторских диссертаций. Также им опубликовано свыше 1 200 научных трудов. В том числе получено свыше 130-ти авторских свидетельств на изобретения, патенты, четыре научных открытия. Плюс 20 научных монографий, 5 из которых изданы в Англии, две – в Германии, одно – в России.

«Профессора Хабибуллу Кусаиновича Оспанова можно по праву назвать живым классиком нашей науки. Он основал два крупных научных направления в области физической химии, связанных с новыми принципами разработки минерального сырья.

Помимо фундаментальных направлений, многие его работы имеют прикладное значение. В советское время ряд изобретений профессора Оспанова был внедрен на заводе и фабриках. В целом это 23 технологий, из них 10 с грифом «совершенно секретно» – на предприятиях военно-промышленного комплекса СССР. Это говорит о чрезвычайной полезности его работы. Он также автор четырех международных открытий. Об огромном международном авторитете Хабибуллы Кусаиновича говорит тот факт, что его выдвигали на Нобелевскую премию по химии.

И сегодня, несмотря на свой солидный возраст, ученый до сих пор активно занимается наукой – за последние 5 лет он получил три патента США.

Всю научную жизнь он трудился в своей alma-mater – КазНУ, и мы гордимся, что у нас работает ученый мирового уровня. Как признание его больших заслуг я рассматриваю недавнее избрание аксакала почетным членом Национальной академии наук РК, – инновационный академик НАН РК Тлеккабул Рамазанов.

Стоит отметить, что с 1983 по 2002 годы Хабибулла Оспанов работал заведующим кафедрой физической химии и электрохимии КазГУ им. аль-Фараби, на которой он трудится поныне. Ему присвоено звание почетного заведующего данной кафедрой. Сегодня она переименована в кафедру физической химии, катализа и нефтехимии.

В последние годы работы профессор Оспанов совместно с ректором КазНУ, академиком Галимом Мутановым разработал инновационную технологию извлечения бериллия из отечественного минерального сырья. Бериллий, как известно, в основном используется в атомной энергетике. Именно эта технология защищена тремя патентами США.

«Цель научного мышления – видеть общее в частном и вечное в преходящем», – считал британский математик Альфред Уайтхед. Мы желаем аксакалу физической химии Казахстана новых научных идей.

Марк СЕВЕРЯНИН

Материалы предоставлены Алой Тусупбековой, доцентом кафедры физической химии, катализа и нефтехимии КазНУ

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Ахаң көптің де Құраннан, мұсылманшылықтан қол үзбеуін ойласа керек, іле-шала жаңа «Әліпбиін» жарыққа шығарады. Ол – **Оқу құралы. Қазақтан басқа түркі, ғараб, фарсы сөздеріне жазылатын әріптерді үйрету үшін һәм оқуға төселту үшін тәртіп етілген. Алифбаға жалғас. Екінші кітап.** Орынбор, 1913 (52 бет). Заман талабы солай болды ма, әлде қоғамның сұранысы болмады ма, әйтеуір бұл «Әліппеге» жалғас екінші кітаптың қайталап басылғанын көрмедік. Ал бірінші кітап, нағыз «Әліппеміз» талай қайталап басылды, мол данамен жаңғырып жарияланып отырды. Күні кешеге дейін осы «Әліппемен» хат таныған ағаларымыз ортамызда жүрді. Қытайдағы қалың қазақ оны әлі



ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

(АҒАРТУШЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ ХАҚЫНДА)

де тұтынуда. Негізінен Ахаңның «төте жазуы» ресми түрде мемлекет тарапынан 1924 жылы ғана бекітілгенмен, оны 1913-1929 жылдар аралығында барша бұқара тұтынды. Өйткені, біздің қолымызда «Оқу құралының» бірнеше басылымы бар:

- Екінші басылуы. Орынбор, 1914, 96 бет.
- Үшінші басылуы. Орынбор, 1916, 98 бет.
- Төртінші басылуы. Ташкент, 1922, 95 бет.
- Алтыншы басылуы. Орынбор, 1923, 72 бет.
- Жетінші басылуы. Орынбор, 1925, 72 бет.

Бұның сыртында қолымызға жақында түскен ерекше құнды жәдігер – Семей облыстық «Алашорда» советінің қолдауымен Алаш (Семей) қаласында жарық көрген «Оқу құралының» 1919 жылғы (40 бет) басылымы.

Сауатсыздықпен аяусыз күрес жүргізген совет үкіметі де Ахмет Байтұрсынұлының «Әліппесінен» қашып құтыла алмады. Ол енді «Сауат ашқыш. Дыбыс жолымен тәртіптелген қазақ әліп-би. Сауатсыз үлкендер үшін бірінші кітап. Орынбор, 1924» (114 бет) деп аталды. Бұл үлкендерге арналған «Сауат ашқыш» түрлі суреттерімен толықтырылып 1926 жылы Семейде (83 бет) қайта басылса, бұдан кейін «**Әліп-би. Жаңа құрал**» деген атпен 1927 жылы Қызылорда-Тәшкенде (116 бет), 1928 жылы Қызылордада (116 бет), соңғы рет 1936 жылы тағы да астана Қызылордада басылып шықты.

Әрине, бұлардың баршасының басын қосып, толық тиражын есептеген ешкім жоқ әзірге. Түркістан АССР-да жанқиярлықпен ондаған төл оқулық шығарып, халықтың көзін ашқан ағартушы Халел Досмұхамедовтің де Ахаңның еңбектерін бірнеше рет ыждағатпен, мол тиражбен Тәшкен қаласында бастырып шығарып, таратқанын есте тұтсақ, бұл «Әліппелердің» қазақ халқы үшін рухани сауабы шексіз деуге қақымыз бар.

Бұл «Әліппелер» мен «Сауат ашқыштар» (үлкендер үшін) сыртында ағартушы көптеген әдістемелік құралдар жазып, «Баяншы», «Әліппе астары», «Тіл жұмсар», «Нұсқаушы» кітаптарын шығарғанын келесі бір талдамада толықтыра кетерміз.

Сонымен, Ағартушының жазған-сызған, баспа бетін көрген жарияланымдарына сүйене отырып, оның тұтас филологиялық (тіл мен әдебиет) ілімінің эволюциясы хақында төмендегідей сатылы жүйе түзуге болады:

- Дәстүрлі араб әліпбиіндегі көптеген таңбалардың басы артық екенін сезінуі.
- Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін (фонетикасын) ден қойып зерттеуі.
- Қазақ тіліндегі үндестік заңдылығын

(сингармонизм) танып-білуі.

- «Бір дыбыс – бір таңба» немесе керісінше «бір таңба – бір дыбыс» принципіне тоқталуы.

- Қазақ әліпбиін (алфавитін) жаңаша түзуі.

- «Дәйекше» таңбасын ойлап табуы.

- Жаңа оқу әдісі (усул сотие) жолымен тәртіп етілген тұңғыш қазақша «Әліппе» – «Оқу құралының» жазуы.

- «Оқу құралының» «Қазақтан басқа түркі, ғараб, фарсы сөздеріне жазылатын хәріптерді үйрету үшін» «Әліппеге» жалғас екінші кітабын жарыққа шығаруы.

- Үлкендер үшін төте жазулы «Сауат ашқышты» дайындауы.

- Қазақ мектебінің мұғалімдері үшін қосымша «Баяншы», «Әліппе астары», «Тіл жұмсар», «Нұсқаушы», «Оқу құралы» (Хрестоматия. Т.Шонановпен бірге, үш басылым көрген) сынды әдістемелі құралдар құрастырғаны.

- «Тіл – құрал» атты үш кітаптан тұратын (Фонетика, Морфология және Синтаксис) қазақ грамматикасын түзуі.

- «Әдебиет танытқыш» (Ташкент, 1926) атты қазақ әдебиеттануы мен фольклоры бойынша оқулық жазып, бастыруы.

- Көп еңбектерінің («Қазақ тілінің теориясы», «Мәдениет тарихы») қолды болуы және мол мұрасының тиянықты іздестірілмеуі.

Бір марқаятынымыз – ұлттың ұлы ұстазы қазақ топырағында алғаш дүниеге келген біз ізденісті ғашар еңбектерінде әрбір ғылыми ұғым-түсінікке атаулық мән беріліп, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының тұтас терминдік жүйесін қалыптастырды.

Ұлы Мұхаң – Мұхтар Әуезов ғасыр басында: «Ахаң соңғы жылдары уақытының бәрін қазақтың мектебіне сарып қылып, істеген ісі де, жазған жазуы да жалғыз соған арналған... Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран... өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын», – деп заманауи бағасын берген-тұғын. Ағартушының осы ерен еңбегін біз қалайша ұмытамыз?! Ұлы ұстаздың «Оқусыз [бүгінше айтсақ, «білімсіз»] халық оның бай болса да, біраз жылдардан кейін анық байлығы өнерді халықтардың қолына көшеді» деген көрегендігінен қорытынды шығара алдық па?! Алаш көсемінің «Олжалы жерде үлестен қалғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесепаты» дегені алдымыздан шығып жүрмей ме?! Тағы да Ахаң айтады: «Қазақтар білімді адам жоқ емес, көп; бірақ солардың көбі бар білімін халалға емес, харамға жұмсап ғадеттенген». Ойланайық, ағайын! Әсіресе, бүгінгі білім күні баламыз көзін «Әліппемен» тырнап аша ма, әлде кіндігімен «Букварьға»

байлана ма?! Бүгінгі күннің ең ауыр, ең салмақты сұрағы осы болса керек...

Бір ғасыр бұрын өзі шығарып отырған «Қазақ» газетінде Ахаң – Ахмет Байтұрсынұлы жалпақ қазаққа жар салады: «Қазақ бастауыш мектебі қандай боларға керек? Бұл туралы ашылып пікір айтылған жоқ. Петербургта болатын мұсылман кеңесінде мектеп мәселелері қаралса, оған қазақтан баратын адамдар қазаққа қандай мектеп керек екендігін біліп барарға тиіс. Сондықтан «Қазақ» өз пікірін айтып, жұрт құлағына салмақшы» («Қазақ» газеті, 1914, №61, 9 май).

Шынында да, «Қазақ бастауыш мектебі қандай боларға керек?». Мына көпке келген індет, пандемия тұсында бастауыш мектебіміздің халі нешік? Алты-жеті жасар балапан ұстаздың алдын көрмесе, партаға отырмаса, қалайша қолына қалам алып дағдыланбақ? Бір сыныпта он бала ғана отырып оқысын деген үкімет бұйрығын орындауға сол үкіметтің қауқары жетер ме? Оны орындау үшін топырлап бестен-оннан ашылып жатқан бастауыш сыныптардың мұғалім саны да (яғни, төленер айлық) төрт есе, оқу орны да (яғни, ғымарат) төрт есе ұлғаймақшы. Екі ауысыммен оқуды әуірім деп игеріп отырған білім беру мекемелері бір сәтте төтеннен келген төрт есе ауыртпашылықты көтере алар ма?..

2. БАСТАУЫШ МЕКТЕП

Бұрынғы қазақ мектебі, дала төсіндегі оқу-ағарту жай-күйі дегенде ойымызға тиянақты ештеңе келе қоймайды. Әрі кетсе, «революцияға дейін қазақтың екі-ақ пайызы сауатты болған» деген жаттанды цифр-цитата, болмаса бала оқытқанда қолынан таяғы түспейтін надандау молда бейнесі көз алдымызға келеді.

Көшпелі қазақ қоғамындағы мектебі жайындағы орыс мұрағаттарындағы алғашқы деректер XIX ғасырдың екінші жартысына сілтейді. Яғни 1850-ші жылдардан бергі қырдағы оқу туралы там-тұмдап біле бастаймыз. Жалпы қазаққа өткен ғасырларда тәртіпті бастауыш мектеп екі түрлі болған: бірі – «мактап» (яғни, мектеп), екіншісі – «үшкөш» (яғни, школа). Өйткені, Ахаң жазады: «Осы кезде қазақ балалары оқуды екі түрлі бастап жүр. Біреулері оқуды ауылдағы мектептен бастайды, екіншілері ел ішіндегі орыс школасынан бастайды. Солай болған соң, қазақтың қазіргі бастауыш мектептері осылар дейміз».

Тәжірибелі мұғалім, педучилищені басқарып отырған ұстаздардың ұстазы Ахаң ғасыр басында-ақ қазаққа керек бастауыш мектептің жөн-жобасын ойластырып, құрылымын айқындап берген. Оның ойынша ұнамды бастауыш мектеп мынау:

- Бастауыш мектептер оқуы қазақ үшін 5 жыл боларға керек.

- Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқуы керек.

- Соңғы екі жылда кілең орысша оқу керек [Бұл арада Ресей қол астындағы қазақ қамы жатқанын ескеру керек. – Ә.Ф.]

Қазақ бастауыш мектебі екі түрлі болады:

- Қала болған жерлерде [отырықшы қазақтар. – Ә.Ф.], қыстауы жиын жерлерде *келіп оқитын мектептер*.

- Сирек-сирек отырған жерлерде *жатып оқитын мектептер* [интернат үлгісіндегі болса керек. – Ә.Ф.]

Сондай-ақ, болашақ бастауыш қазақ мектебі *қыр мектебі* және *қала мектебі* болып ажыратылады. Қыр мектебінің өзі *ауыл мектебі* және *болыс мектебі* деп бөлінеді.

- Ауыл мектебі кілең қазақ тілінде оқылатын үш жылдық.

- Болыс мектебінде кілең орысша оқылатын екі жыл.

- Болыс мектебіне ауыл мектептерін бітіргендер алынады.

- Қала мектебі қаланың үлкендігіне қарай үш жылдық және бес жылдық оқулы болады.

Одан әрі ағартушы «бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер» деп мыналарды атайды:

- оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа-кәсіп және жаратылыс жайы.

Бұл пәндер, сірә, сол заманның ең басты үйретілер білім бастаулары болса керек. Көріп отырғанымыздай, Ахаң бастауыш мектептің өзінде (бүгінгі оғеште ұғынсаң) ұлт тарихы, шаруа-кәсіпті оқытуды ұсынады. Сонымен бірге ол бастауыш мектептің кілең орысша оқитын екі жылындағы білім аясы гимназияның не реальный [кәсіби – Ә.Ф.] мектептердің төменгі кластарына түсіп, жалғастыруға жарамды болуы керек дейді. Оған, әрине, бастауыш мектепте оқылатын шаруа-кәсіп пен жаратылыс жайы [табиғат тану – Ә.Ф.] көмек болары сөзсіз.

Осындай жөн-жоба түзген Ахаң «бастауыш мектептер осындай болса, бұлардан әрі мұсылманша я орысша оқыту үшін қазақ балаларының бастауыш мектепте үйренген білімі негіз болуға жарайды» деп түйіндейді.

Алты жыл ауыл мектебінде міндетті мұғалімдік борышын атқарған А.Байтұрсынұлының, әрине, оларға көңілі тола қоймайды: «Осы күнгі ауыл мектептерін мектеп деп айтарлық емес. Оқуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз». Әйтсе де сол аздың өзіне зар болып қалармын дегендей, ағартушы іле-шала әлі аяғынан тұра алмай жатқан ауыл мектебін әділ бағалап, «ақтап» та алады: «Сонда да қазақша хат білушілердің проценті мұжықтардан жоғары. Осы күнгі хат жаза білетін қазақтардан бастап, газета, журнал, кітап шығарып жатқандарымыздың бәрі сондай мектептен оқып, хат танып, жазу үйреніп шыққандар». Бұдан керек-жарағы толықпаған, жүйелі қалыпқа түспеген бұл бастауыш мектептердің Алаш баласы үшін аса қымбат қазына, артқы дүниеге артықша із қалдырар мирас екенін көрмек. Өйткені, ол – қазақша оқытатын, қазақша тәрбие-тәлім беретін **қазақ мектебі** болатын. Дана Ахаң да оны мақтаныш етеді: «Бұл мектептің халыққа жақындығы – балалар білімді **ана тілімен** үйренгендігі».

Осынау 1914 жылғы тасқа басылған жолдарды оқығанда көкіреңді шер қауып, көзіңе өксікті жас келеді. Отыз жылда есі кірмеген ағайындардың, балалары нағыз орыс мектебінде, болмаса бір замандарда «руско-киргизская туземная школа» атанған, бүгінгі тонын айналдырған аралас мектепте оқып жатқан қандастардың алғы күндерді ойламайтындығына, бүгіннен-ақ ұлттың болашағына балта шауып жатқанына күйінесіз. Бір кезде «санымыз аз» дедік, «қазақ мектебінің сапасы нашар» дедік, әл ендігімізге жол болсын!.. Орыс мектебіне тісіміз батпағанның өзінде, дүбәра аралас мектептен арылуымызға кім кедергі?.. Қанға сіңген қаныпезер сылтау – Мәскеу ме?! Жоқ, ағайын, жақсылық көрсем де өзімнен, жамандық көрсем де өзімнен...

(Жалғасы бар)

Ғарифолла ӘНЕС,
профессор

			Мұхаммед ...		Нью-тон	Кетчуп			Мөрмөр (орыс)				Туымтық атауы
Абу-....	Кама-жай		Грек өріні	Туған шеше	Темекі маркасы	Өсемдеу (син)	Радио арна	Ағылшын "мырзасы"	Кір жуу ұнтағы	До, ... ми	Куаныш (син.)	Телеарна	
Қала (және)	Катар астанасы	Юни-терсерігі	... жағал		Өкениң өкесі		Көлік түрі		Жожа (син)	Мылтық ұшы			
			Жинал	Одиссей отаны	Жоржик ...		Жаңбыр нөсері	Түспал	... по-годи	Қарасқыр		Ақша түрі	Тік ұшақ маркасы
	Кавказ ет тағамы	Жағалау (син)			Та, ...		Рас (син)			Авария (қысқ)		Серке	
				Ағылшын әйелі	Ева		Му-... (көмшит)		Кір жуу ұнтағы				Коньяк маркасы
	Колка ауруы	Грузин ақшасы	Алма (ант)		... те, да, де			... Турман	Келісім (син)	Қырғызша жыр		Ұшақ маркасы	
Көп (син)			Кел (ант)							Кожек			
Молда	Ишкен адам		Мадак өлең					Тіл	Көне Рим тивны	... - ауыр	Крисе ... (өңш)		
		Папирус қайығы		Телефон жүйесі	Сібір ұлты				Кекілбаев	Намыс (син)		Будда	Заманына қарап барайсың ...
	Танк маркасы	Жеті қазының бірі		Ұлттық тағам	Заң тармағы				Күресак	Вич			Бөлке
	... Ионович (топ модель)	Ұшақ	Егу (син.)						Жаз ...	Томас Морлімі	Алан (син)		
			Тик ...		Копиретін ішімдік	... Мария	Орыс әйел есімі	Жұмағұлова	Жер өлшемі		Аяқ исі	"...-ия"	
Саз стилі	Мент жорығы	Өркендеу, өсу (ән)	... Христин Андерсен	Шіркеудің өңілі		Картондан жасалған тағам			Өзен	...-зү ету	Зер	Кес (син)	Қойшы монғол
			Амансыз ...?		Сызықша (орыс)		Автомат белгісі		Жұрнақ		Бал беруші		...-жөні
	Дин сөз				... банк		Шаруа (син)	Ким ... Сен		Ұшақ маркасы	Соңғы нота		
				Корей ақыны			Табан таңбасы		... Байзақов			Алмас	Есім
Жан Батист ...	Шығу тегі		Мен, ... ол		Үлгі-лік снықшы	"... ру-лем"		Брюс ...		Арлы (син)			

Жүгіртпе жол:
«Бүгінде елімізде түрлі ойынханалар жабылғаннан кейін кейбір әкімдер «Жол картасын» ойнап, кәдімгідей ақша ұтып жүр екен».

Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДOLЛА

Ұшаққа неге найзағай түспейді?



Ұшаққа найзағай түспейді емес, түседі. Бірақ ұшақтың өзіне не қаңқасына еш зиянын тигізбейді. Алып апатқа ұшырамайды. Мұндай апат осыдан 20 жыл бұрын 2000 жылы Қытайда болған. Содан бері ұшақтың қаңқасы түзетуден өткізіліп, найзағайдан тиімді қорғанудың тәсілдері қолданылды.

Көбіне найзағай ұшаққа бұлт арасымен – электр тоғымен зарядталып тұрған бұлтқа жолығып қалғанда түседі. Ұшақ екі бұлттың немесе бұлт пен жердің арасындағы электрдің зарядталып өтуіне өткел болады. Найзағай алдымен ұшақтың қанаты не тұмсығы сынды сүйір бұрышына келіп түседі де, ұшақ аппаратының сыртымен «сырғып» басқа сүйір жерінен (мәселен, құйрығынан) «шығып» кетеді.

Ұшақтың найзағай жанасқан жері жарқ етеді: өйткені ауа молекуласы иондалып ұшқын шығарады.

Ұшақтың корпусы алюминийден жасалады. Алюминий электр тоғын жақсы өткізеді. Ал ұшақтың басқа бөліктері – фюзеляжы алюминиймен араластырылған электр зарядын өткізе алатын композитті металдармен қорытылып құрастырылады. Композитті металдар зарядталған электр бөлшектерін мүлт жібермей оңай өткізеді.

Ал найзағай түскен ұшақ бөлігінде аздаған қара дақ пен із, күйік қалады.

Ондай дақ пен күйік 1 миллиметрден аспайды.

Ұшақтың сырты қалың металмен қапалады. Сондықтан найзағай ұшақтың жалпы күйіне зиян келтірмейді.

Оның үстіне ұшақта алды-артына найзағай өткізгіш, жиналып қалған статикалық күшті босатып жіберетін арнайы бөлшектер болады. Олар да найзағайды ұшақ бойымен өткізіп жіберуге көмектеседі.

massaget.kz

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

– Әйелдер, негізінен, үндемейтін, біртоға еркектерді жақсы көреді.
– Неге?
– Өйткені олардың тымтырыс отырғанын «мені тыңдап отыр» деп ұғады...

Сән үлгісін көрсететін журналды оқып отырған әйелі күйеуіне:
– Жаным, биыл түймесіз костюммен жүру сәнге айналады екен.
– Жақсы болды, демек, мен саған үйленген 15 жыл бойы сәнді киінген екенмін ғой...

Жолда кездейсоқ кездесіп қалған екі бастық:
– Сен қарамағыңдағы қызметкерлеріңе айлық беріп жүрсің бе?
– Жоқ.
– Мен де беріп жүрген жоқпын. Сонда да олар жұмысқа келіп жүр.
– Менің қызметкерлерімнің де көңілі қалмайды екен. Мүмкін жұмысқа күнделікті кіргендері үшін ақша төлеткізіп отырамыз.
Содан қызымдарына кіру үшін ақша төлейтін болды. Араға бір апта салып әлгі екі бастық қайта жолығады.
– Қалай? Қызметкерлерің әлі жұмысқа келіп жүр ме?
– Аха, олар енді үнемдеуге кірісті.
– Сонда қалай?
– Дүйсенбі күні ертеңгісін келгеннен кейін жұма күні бірақ шығады.

Екі кемпір әңгімелесіп отыр екен.
– Айтпақшы, келін түсіріпсің, құтты болсын! Келінің қалай екен?
– Ой, айтпа! Келінім сондай пысық болып шықты. Ертеңгі сағат 5-те тұрады, содан тынбай түнгі 12-де бірақ ұйықтайды.
– Айтқандай, қызың да тұрсаңшы, құтты болсын! Жағдайы қалай екен?
– Ойбу! Айта көрме! Ол қызым сорлап қалды ғой. Ертеңгі сағат 5-те тұрып, түнгі 12-де бірақ жатады екен.

№1 санында шыққан сөзжұмбақтың жауабы

С	А	Б	А	Л	А	Қ		Е	А	А
Т	Қ		Ы	Д	Ы	Р	А	У	А	Қ
А	Ы	Ғ	Ы	Р		К	О	Т	Л	Е
Я	С	И	Р		Л	А	З	Е	Р	И
	С	Ы	П	С	Ы	Ң		Т	Ұ	М
А	А	Е		Ы	С	А		И	А	
Т	Ұ	Т	Ы	Н	У		З	А	Р	А
О	А	С	А	Ф	А	Р		И	Я	
С	Е	Й	Ф		И		Қ	Ы	М	Б
Н	А	Қ	С	У			Е	С	А	У
А	Ж	А	Р		С	Ұ	Л	У	Л	Ы
А	А	С	А	Т		А		Н	А	Н
Т	Р	У	Б	А	К	К	О	Р	Д	О
	Р	Л	У	В	Р		С	А	П	Т
Г	Р	А	М	М		У	А	Т	У	А
И	Н	А	Р	Ы	З		А	Ш	А	Р
Т	Я	Ә		О	М	П		А	Ш	Ы
А	Р	А	Л	А	С	А		У	К	І
Р		Т	И	І	Н		А	М	О	А
А	Й	Н	А	Л	М	А		Р	В	А
										Р



Адыраспанның емдік қасиеті

Адыраспан көпжылдық шөптектес өсімдік. Сортаң топырақты жерлерде өседі. Түйетабан тұқымдасына жатады. Биік сабақтарында үшкір жапырақтары 3-5-тен кезектесе орналасқан. Гүлдері ірі сары, бір-бірден сабақтарының ұштарында болады. Жемістері үш ұялы, қалқасы бар. Маусым, тамыз айларында гүлдейді.

Адыраспанның жемісін, гүлін, жапырағын, сабағын және тамырын гарлин алкалоидын алу үшін қолданады. Жерден жоғары бөлігінде гармалин, гарман және пеганин деген алкалоидтар бар.

Адыраспанның ұрығында қыздық пигмент те бар. Тұз қышқылды гарлинді парниксон ауруын емдеуге, суық тиіп ауырғанда, безгекті емдеуге қолданады. Құяң, қышыма ауруларын емдеу үшін адыраспанның шөбінен ванна дайындап, соған түседі.



Қытай сағатына 350 км жылдамдықпен қозғалатын жүк пойызын құрастырды

Таншан локомотив зауыты сағатына 350 км жылдамдықпен жүретін жүк пойызын жасап шығарды. Бұл туралы Синьхуа агенттігі мәлімдеді.

Қытай осындай жылдамдықпен жүк тасымалдауды жүзеге асырған әлемдегі бірінші ел болды, бұл Қытайдың теміржол жабдықтары саласындағы тәуелсіз инновациялық мүмкіндіктерінің айтарлықтай жақсарғанын білдіреді. Локомотивтің пішіні

қытайдың бекіре балығы түрінде жасалған, бұл оның аэродинамикалық қасиеттерін жақсартады. Пойызды дамытуда UWB кең жолақты байланыс технологиясы, мобильді деректерді беру желісі және Weidou навигациялық жүйесі қолданылды. Аталмыш пойыз жүкті алыс қашықтыққа жеткізу үшін қолданылады. massaget.kz

■ ЖАҢА КІТАП

«ПОЛЕМИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКА» ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

«Ақ жолдың» республикалық штабында «Полемикалық экономика» жинағының тұсаукесері өтті.

«Ақ жол» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2016 жылғы жұмысы, оның парламенттік фракциясының қызметі туралы материалдар жинағы екі бөлімнен тұратын жинақ ретінде жарық көрді. Жинақта «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашевтің сөйлеген сөздерінің, жарияланымдарының авторлық мәтіндері, фракцияның депутаттық сауалдары қамтылған.

«Ақ жол» партиясы мен оның көшбасшысының нарықтық экономиканы дамыту және жеке бизнестің мүдделерін қорғау жөніндегі қызметі басты назарда. Сонымен бірге, олар Тәуелсіздікті нығайту және демократиялық институттар арқылы ұлттық мүдделерді дамыту міндеттеріне бағынады.



Жинақта «Ақ жол» партиясының негізгі бағдарламалық бағыттарына жеке-жеке тоқталып өтілген: кәсіпкерлікті қолдау, қазақстандық қоғамды демократияландыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және т.б.

Сонымен қатар, көтерілген мәселелер бойынша оң нәтижелер бар, ал кейбір мәселелер жұмысты жалғастыруды талап етеді...

«Ақ жол» фракциясы жұмысының қорытындысы бойынша бесінші шақырылымда жарияланған осындай жинаққа қарағанда, бүгінгі жарыққа

шығарылып отырған басылымда материалдар екі есе көп. Бұл фракцияның алтыншы шақырымдағы ерекше белсенділігін көрсетеді. Кітап біздің болашақ жұмысымызда да жақсы көмекші болатынына сенімдіміз», — деп Азат Перуашев шара барысында атап өтті.

«Полемикалық экономика» жинағы экономистер мен саясаттанушыларға, қазіргі Қазақстанның мемлекеттік және экономикалық құрылыс үрдістеріне, сондай-ақ еліміздің бүгін мен болашағы танытатын әрбір адамға қызықты болады.



ДИМАШ ҚҰДАЙБЕРГЕН АҚШ президентінің инаугурациясын мерекелеу апталығына қатысады



Димаш Құдайберген Америка Құрама Штаттарында 17 қаңтар күні ба-
сталатын жаңадан сайланған АҚШ
президенті Джоозеф Байденнің инаугу-
рациясын тойлау апталығының ашылу
салтанатына қатысады.

Дәстүр бойынша бұл іс-шараны Бауыр-
лас қалалар ассоциациясы — «Sister Cities
International» ұйымы өткізеді. АҚШ-тың
жаңадан сайланған президенті Джоозеф
Байден бұл ұйымның құрметті тең төрағасы
болды. Сонымен қатар бұл іс-шараға
дипломатиялық корпуста қатысады, — деп
жазды dimashnews.com.

Коронавирус инфекциясы пандемия-
сына байланысты мереке 2021 жылдың 17
қаңтарында сағат 19:00-ден 21:00-ге дейін
(Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 6:00-
ден 8:00-ге дейін) онлайн түрде өтеді.

Вашингтонда орналасқан «Sister Cities
International» халықаралық үкіметтік емес
ұйымының негізін 1953 жылы АҚШ-тың
34-президенті Дуайт Эйзенхауэр қалаған.

Сол кезден бері АҚШ президенттері
Джон Ф. Кеннеди, үлкен Джордж Буш,
Билл Клинтон, Барак Обама және До-
нальд Трамп бұл ұйымның құрметті тең
төрағалары болды.

70-жылға жуық тарихында «Sister Cities



International» АҚШ қалалары және оның
130-дан аса мемлекеттердегі бауырлас
қалаларының өзара әрекеттесуіне байла-
нысты көптеген іс-шараларды өткізді.

Осы жылы «Sister Cities International»
сегіз мәрте «Грэмми» жүлдегері — аңызға
айналған әнші Дайон Уорвикке ұзақ жыл-
дар еткен еңбегі үшін марапат ұсынады.
Сонымен қатар, Дайон Уорвиктің әлемге
«The Weeknd» ретінде белгілі үш мәрте
«Грэмми» жүлдегері Абель Тесфаймен
бірілесіп жұмыс жасай бастағаны белгілі
болды.

«Sister Cities International» ұйымының
негізін қаланғалы және АҚШ пен Қазақ-
станның қарым-қатынасы тарихын-
да алғаш рет жаңа сайланған АҚШ
президентінің инаугурациясын тойлау
апталығын ашушы іс-шараға қазақстандық
әнші — Димаш Құдайберген қатысады.

«Sister Cities International» іс-
шарасынан бір күн бұрын, 16 қаңтарда
қазақстандық орындаушының «DIMASH
DIGITAL SHOW» атты алғашқы онлайн-
концерті өткізіледі.

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары –
Зейнолла АБАЖАН
Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы – Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Астана тілшілері:

Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

(8-702-931-89-86)

Жасұлан ИСА

(8-776-120-19-72)

Ақмола облысы:

Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:

Нұрсұлтан НҮРМАН

(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:

Айтақын БҮЛҒАҚ (8-702-239-62-99)

Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Мырзағали НҮРСЕЙІТ (8-701-771-6496)

Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)

Батыс Қазақстан облысы:

Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

(8-701-111-61-05)

Жезқазған қаласы:

Жанат АСАНҚАЛИ

(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Сәтбаев қаласы:

Абдолла ДАСТАН

(8-71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)

Қарағанды облысы:

Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:

Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:

Рахат АЛТАЙ

(8-775-998-15-39)

Түркістан облысы:

Әбдіғалпал АЙДАР

(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)

Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:

Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Тарату бөлімі:

Астанада:

Жасұлан ИСА

(8-776-120-19-72)

Шымкентте:

Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847)

дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат

министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.

Күәлік №13976-Г (Алғашқы күәлік

№1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқа-

расы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.

Қолжазбалар өңделеді және қайта-

рылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші

жауап береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме

жасалуы шарт.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары

пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер

орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3

ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:

8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com

www.qazaquni.kz

Кезекші редактор –

Гүлмира САДЫҚ

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784

ИИК KZ50856000000385541

АҒФ АО «БанкЦентрКредит»

г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, Кбе 17

Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында

басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.

Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген

qazaquni.kz